



ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Мемлекет басшысы Премьер-Министр Олжас Бектеновті қабылдады.

Президентке еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы және экономиканың өсімін қамтамасыз ету жоспары туралы баяндалды.

Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысына отандық тауар өндірушілерді қолдауды күшейту үшін қабылданып жатқан шаралар жайында мәлімет берді. Қазақстандық өнімдердің үлесін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың, жер қойнауын пайдалану-

шылар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алу рәсімдерін жетілдіру жұмыстары басталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өнеркәсіптің перспективті салаларын қарқынды түрде дамытуға ерекше назар аударылып жатыр.

Сонымен қатар Президентке Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысы туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – МӘЖІЛІС НАЗАРЫНДА



Президент Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады.

Мемлекет басшысына Мәжілістің қазіргі заң шығару қызметі туралы баяндалды. Ерлан Қошановтың айтуынша, жоспарланған өзгерістерді заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекет басшысының жүктеген барлық міндеті тиісті деңгейде және уақытылы орындалып жатыр.

Мәселен, соңғы екі айда ғана Мәжіліс 18 заң қабылдап, Сенаттың қарауына жіберген. Атап айтқанда, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, цифрландыру, ғылым, бизнес жүргізу, медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін сақтандыру, трансферттік баға белгілеу, халықтың көші-қон мәселелері секілді құқықтық нормаларға түзетулер енгізілген.

Қазір Президенттің тапсырмасын орындау үшін депутаттар Бюджет, Су, Құрылыс кодекстері, сондай-ақ бірқатар маңызды заң жобасы бойынша бір мезетте жұмыс жүргізуде. Енгізілген әрбір жаңа өзгерісті сарапшылар мен жұрт-

шылық кең көлемде талқылайды, палатаның барлық іс-шарасына бұқаралық ақпарат құралдары мен мүдделі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кедергісіз қатыса алады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына «AMANAT» партиясының жұмысы туралы мәлімет берілді. Кездесуде азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған Президенттің бастамаларын іске асыру шеңберінде әзірленген партияның «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобаларына ерекше назар аударылды. Барлық жоба халықтың нақты мәселелерін шешуді көздейді және оларды қоғам қызу қолдап отыр. Мәселен, «Жер аманаты» жобасы аясында екі жыл ішінде 10 миллион гектардан астам жер мемлекетке қайтарылды. Қаңтар-ақпан айларында «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша 15 мың адам қаржылық сауаттылықты арттыру курсынан өтті. Жыл соңына дейін тағы да 750 мың азаматты оқыту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Президентке депутаттардың парламенттік дипломатия бағытындағы қызметі туралы ақпарат берілді.

ӨҢІРДЕ АТҚАРЫЛҒАН ОҢ ІСТЕР

Мемлекет басшысы Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевты қабылдады.

Президентке Абай облысының өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр өңір экономикасына 568,9 миллиард теңге инвестиция салынғаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл орайда өсім 132,7 пайыз болса, оның ішінде жеке инвестиция көлемі 131,5 пайызға артқан. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 107,1 пайызға ұлғайып, 53,2 мыңға жеткен.

Нұрлан Ұранхаев 2023 жылы өнеркәсіп өндірісі 105,1 пайызға, ауыл шаруашылығы өсімі 103,5 пайызға, құрылыс көлемі 119,1 пайызға артқанын мәлім етті.

Президенттің тапсырмасына сәйкес облыста Әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспары іске асырылып

жатыр. Жоспарда инвестиция көлемі 1,9 триллион теңге болатын 102 жоба қамтылған. «Қаражыра» кен орнында көмір-химия кешенін және қуаты 1 ГВт болатын үшінші жел электр стансасын салу жобалары пысықталып жатыр.

Шекара маңындағы өңіраралық ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. ҚХР-дың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданымен бірлесе отырып, инвестициялық жобалар және шекарадан өткізудің уақытша пунктін салу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Өңір туризмінің дамуына серпін беретін «Семей – Тачэн (Шәуешек)» әуерейсін ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ Татарстан Республикасымен ынтымақтастықты дамытудың Жол картасына қол қойылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облысты одан әрі дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ЖАҢА ҚАРЖЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ



«AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасының аралық қорытындысын шығарды. Биыл қаңтар-ақпан айларында ел аумағындағы 15 мың отандас қаржылық сауатын арттырып, оқыту курсынан өтті.

3»

АРАЛДЫҢ ҮМІТ ЖЕЛКЕНІ КЕРІЛДІ

Қазақстанда «ғажайып» болды: тосыннан Арал теңізі тола бастаған. Бірақ сарапшылар оның нақты себебі барын айтып отыр. Мұның сыртында Қазақстан Үкіметі алдағы жылда жаңа, алып бөгет-дамба салуға кіріспек. Соның арқасында «қашқан теңіз» болашақта кері оралып, Арал қаласының іргесінде көк толқыны көбігін шашып жатады деген үміт бар.

Арал теңізінің деңгейі 2023 жылы көтерілді. Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстандағы атқарушы дирекциясы директорының орынбасары Зәуреш Әлімбетованың айтуынша, бұған

Орталық Азия елдерінің құрғаған теңізді толтыруға бағытталған келісімді іс-әрекеттерінің арқасында қол жеткізілді.

6»



КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА ЖЕТІЛДІРЕДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар бірқатар заңды қарап, депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы» заңды екінші оқылымда қарады. Аталған заң кәсіпкерлік қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіруге және бизнесті дамытуға қолайлы жағдайлар жасау үшін әзірленді. Басты міндет бизнеске әкімшілік жүктемені азайту және негізсіз кедергілерді жою екенін атап өткен жөн. Одан бөлек, мемлекеттік бақылау мен қадағалау тәртібін реттейтін нормалар қайта қаралды.

Сенаторлар заңдағы новеллаларды концептуалды тұрғыдан қолдай отырып, оның жекелеген ережелеріне бірқатар түзету енгізуді ұсынды. Сондай-ақ құжатты Мәжіліске жіберу туралы шешім қабылдап, заңды жаңа редакцияда мақұлдады. Сенат депутаттары енгізген өзгерістер заңның жекелеген нормаларын реттеуші саясаттың қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес келтіруге, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындайтын шекті сауда үстемесін қолдану тәртібін белгілеуге, халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарын атаулы қолдауды ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыруды іске асыру тәртібін қарастыруға және өндеуші кәсіпорындарды отандық шикізатпен қамтамасыз етуді жетілдіруге қатысты болып отыр.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы жетілдіру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бүгін палата депутаттары осы бағыттағы заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясын мақұлдады. Енгізілген түзетулер арқылы кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңның кейбір нормалары бизнестің және қоғамның мүдделерін ескере отырып өзектендірілді. Алдағы уақытта бұл нормалар елімізде бизнеске арналған заңдарды қолдануды барынша жеңілдетуге және кәсіпкер-

лікті одан әрі дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Сенат Спикері.

Палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын да жолдады. Геннадий Шиповских жастар арасында синтетикалық есірткінің кең таралып жатқанына аландаушылық білдірді. Осыған байланысты депутат бірқатар шара ұсынды. Олардың қатарында есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі арнайы органдардың жұмысын күшейту, интернет кеңістігінде есірткі жарнамасы үшін жауапкершілікті арттыру сияқты басымдықтар бар.

Амангелді Нұрманов Үкіметті бірқатар мемлекеттік органдардың зейнетке шыққан қызметкерлерінің құқықтарының бұзылуына байланысты проблемалық мәселені қайта қарауға және заңнамалық тұрғыдан реттеуге шақырды.

Амангелді Толамисов шетелден жоғары білікті кадрларды тарту тетіктеріне қатысты мәселені көтерді. Осыған байланысты депутат цифрлық платформа құру, салықтық жеңілдіктер белгілеу және виза алуды жеңілдету сияқты шараларға назар аударды.

Андрей Лукин ұлттық сертификаттау жүйесін техникалық реттеу және цифрландыру саласындағы проблемаларды атап өтті. Депутаттың айтуынша, оларды жою тұтынушыларды қауіпті және контрафактілі өнімдерден қорғайды.

Талғат Жүнісов Үкіметтің назарын Ақмола облысында ауыр жүк көліктерінің салдарынан жолдардың сапасына айтарлықтай зиян келіп отырғанына аударды. Сондай-ақ ол жол бойындағы сервис пен инфрақұрылымның төмен деңгейін тілге тиек етті.

Ернұр Әйткенов өз сауалына Павлодар облысындағы шаруаларда тұқым сатып алуға және егістік науқанына дайындыққа қатысты туындаған қаржылық проблемаларды арқау етті. Депутат құрғақшылықтан зардап шеккен шаруаларға қолдау көрсетуді және жеңілдетілген несие беру бағдарламасын іске қосуды ұсынды.

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Ресей Федерациясының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Алексей Бородавкинді қабылдады. Тараптар екіжақты қарым-қатынастарды дамыту мәселелерін талқылады.

Ерлан Қошанов Ресей мен Қазақстан Тату көрші әрі одақтастық туралы шартты негізге ала отырып, ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытып келе жатқанын атап өтті.

— Мемлекет басшылары біздің түрлі саладағы өзара байланысымыздың жоғары қарқынын айқындап берді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путиннің қатысуымен өңіраралық ынтымақтастық форумдары тұрақты түрде өткізіліп, нәтижесінде маңызды экономикалық жобалар қолға алынууда. Біздің елдер арасындағы тауар айналымы тұрақты өсіп келеді және 70 пайыз өнімдер арасындағы тікелей сауда арқылы қамтамасыз етіліп отыр, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы парламентаралық ынтымақтастық Қазақстан — Ресей байланысының маңызды құрамдас бөлігі екенін айтты. Мемлекеттік Думадағы әріптестермен түрлі форматтағы — достық топтары және палаталаралық парламенттік комиссия аясындағы ықпалдастық арта түсуде. Депутаттар ТМД Парламентаралық Ассамблеясы, ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы, Парламентаралық одақ және басқа да көп-



жакты форумдар алаңында тұрақты түрде пікір алмасып келеді.

— Биыл Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына төрағалық етуде. Маусым айында Алматыда ұйымның Парламенттік Ассамблеясы кеңесінің отырысы өтеді деп жоспарланып отыр. Біз ресейлік әріптестерімізді Қазақстанда күтеміз, — деді Ерлан Қошанов.

Өз кезегінде елші Алексей Бородавкин Қазақстанмен қоғамдық-саяси, сауда-экономикалық және мәдени-

гуманитарлық салаларда дамып келе жатқан кең ауқымдағы ынтымақтастыққа Ресей үлкен көңіл бөлетінін айтты.

Тараптар Мәжіліс Төрағасының Ресейге ресми сапарына дайындық барысын, сондай-ақ Қазақстан депутаттарының Ресей Федерациясындағы Президент сайлауын бақылауға қатысуын талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға, соның ішінде парламентаралық ынтымақтастық аясында дамытуға келісті.

ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттарға кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Құжатты Парламент депутаттары Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатымен әзірледі.

Ұсынылып отырған нормалар азаматтардың шамадан тыс несиесін төмендетуге, қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды арттыруға, азаматтардың банкроттық рәсімге қол жеткізуін жеңілдетуге, сондай-ақ кредит беру кезінде алаяқтық әрекеттерді азайтуға бағытталған. Атап айтқанда, кредиттер бойынша 90 күннен артық мерзімі өткен жағдайда азаматтарға жаңа тұтынушылық несие беруге тыйым салу ұсынылады. Бұдан басқа, көмелетке толмаған балалары бар отбасыларды жылыту маусымында жалғыз тұрғын үйінен шығаруға тыйым салатын норма, сондай-ақ қарыз алушының банк

шотында кредиттер бойынша берешекті өндіріп алу процесінде кемінде 2 күн көріс мөлшерінде ақшаның сақталуын қамтамасыз ететін түзетулер көзделген.

Депутаттар алдағы жалпы отырыста «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасын бірінші оқылымда ілеспе түзетулермен талқылайтын болады. Олар ғылыми қызметтің стратегиялық, кәсіби және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған және ғылымның ел экономикасын дамытуға қосқан үлесін жақсартуға, ғылыми әлеуеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады.

Сонымен қатар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) ғылым мәселелері бойынша өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы бірінші оқылымда қаралады. Бұл заң жобасына Парламент депутаттары бас-тамашылық етті. Ол салықтық преференциялар беру арқылы ғылымның дамуын ынталандыруға бағытталған.

ЖАҢА ҚАРЖЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

«АМАНАТ» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасының аралық қорытындысын шығарды. Биыл қаңтар-ақпан айларында ел аумағындағы 15 мың отандас қаржылық сауатын арттырып, оқыту курсынан өтті.

«Қарызсыз қоғам» жобасына қатысқан 100-ден астам әйел Алматы айту күні мен 8 наурыз мерекесі қарсаңында Астанада арнайы бас қосып, қарыздан құтылудың, отбасы табысын арттырудың тәжірибесімен бөлісті. Шараға Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Halyk bank-тің Басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова, «Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Ақмарал Бекмұрзаева және министрлер мен депутаттар қатысты. Одан бөлек, өңірлерден келген жоба түлектері өздерінің тәжірибелерін ортаға салды.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Президент ел азаматтарының шамадан тыс несие алуы мәселесіне бірнеше рет назар аударғанын атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қиын жағдайға тап болған отбасылардың несие кешіріліп, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылданды, халықтың несиеге тәуелділігін төмендету бойынша жаңа заңнамалық түзетулер әзірленуде. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл күрделі әлеуметтік мәселені шешу үшін қоғамда жаңа «қаржылық мәдениет» қалыптастыру қажет.

«Өздеріңіз білетіндей, партия «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыру жөнінде тың бастама көтерді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев оны қолдап, оның ауқымын жалпыхалықтық деңгейге шығаруды тапсырды. Бұл жұмысқа Үкімет пен Ұлттық банк қосылды. «Қарызсыз қоғам» жобасы қарызға белшеден батып, үмітін үзгендерге нақты қолдау көрсетеді. Жоба қолда бар қаражатқа өмір сүруге, қажетсіз несиеден бас тартуға үйретеді. Барлық аймақтағы азаматтар бұл жобаға қолдау білдіріп, оны жалғастыруды сұрап отыр», — деді Мәжіліс Төрағасы.

«АМАНАТ» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын үнемі жетілдіріп келеді. Жобаға қатысушылардың 75%-ы — әйелдер. Оның жартысынан көбі — көпбалалы аналар. Партия оларға жағдайды жақсартудың жаңа құралын ұсынды. Атап айтқанда, оқудан өткен әйелдер жеке кәсібін бастау үшін қайтарымды грант пен лизингке құрал-жабдық сатып ала алады. Бастама аясында жыл соңына дейін 3 500 әйелді қамту жоспарлануда.

«Бұл ретте біз бүгінгі кездесуге қатысып отырған кәсіпкер әйелдердің тәжірибесіне сүйенгіміз келеді. Сіздердің міндеттеріңіз — жоба тәлімгерлерімен бірлесіп, әйелдерді оқыту және оларды



тұрақты табыс табатын деңгейге жеткізу. Олар өздеріңізге қарап бой түзейді. Сіздер үлгі болуларыңыз керек. Бұл — «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асырудың жаңа кезеңі», — деді Ерлан Қошанов.

Қазір қазақстандықтардың несие бойынша қарызының көлемі 18 триллион теңгені құрап отыр. Былтыр пилоттық жоба ретінде басталып, жақсы нәтиже көрсетіп, қатысушылардың басындағы қарыз бен несие ауыртпалықтарынан құтылуына ықпал еткен «Қарызсыз қоғам» жобасын түбегейлі түрде іске қосу туралы шешім қабылданған. Осылайша, «АМАНАТ» партиясының халықтың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымы кеңейіп, жалпыұлттық жобаға айнала бастағаны белгілі. Биыл жобаға еліміздің бүкіл өңірімен қоса, республикалық маңызы бар 3 ірі қала — Астана, Алматы, Шымкент қосылып отыр. Осыған орай отандастарымызға барынша ыңғайлы болуы үшін Qoqamfin.kz арнайы білім беру платформасы да әзірленді.

«Қарызсыз қоғам» жобасының арқасында өңірлерде көпбалалы аналар мен зейнеткерлер өз кәсіпорындарын ашып қана қоймай, жерлестерін еңбекақымен қамтамасыз етуде. Сонымен қатар «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов жыл соңына дейін 3 500 әйелді қарыздан шығару жоспарланып отырғанын айтты.

Сонымен бірге жиын барысында сөз алған Halyk bank-тің Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі Үміт Шаяхметова азаматтардың банктерден алатын несие шұғыл қажеттілікке емес, дұрыс жоспар құруға бағытталуы керек екенін баса айтты.

«Біздің банк қарызға батқан азаматты тысқа итеріп тастамай, керісінше өзімізге тартып, бар мәселесін шешуге көмектесеміз. Азаматтың қай жерде қате жібергенін тексеріп, қаржылық сауатын арттыруға тырысамыз. Азаматтарымыз банктерден қарыз алған шақта оның қайтарымы мен өсімі

барысына бас ауыртпайтынын шындық. Біз «АМАНАТ» партиясымен бірлесіп, осы бір түйткілдің түйінін тарқатуға белсенді түрде атсалысып жатырмыз. Жобаны жүзеге асыру барысында қарызы бар азаматтардың көбі әйелдер екеніне көзіміз жетті. Осы мақсатта әйел қауымының қаржылық сауатын арттыру мен әйел кәсіпкерлерді қаржылық қолдау мәселесіне жіті назар да аударылып отыр», — дейді Halyk bank-тің Басқарма төрағасы.

Еске салсақ, 2024 жылдың 5 ақпанында «Қарызсыз қоғам» жобасының екінші толқыны басталып, жобаға еліміздің барлық облыстары мен қалаларында кез келген азамат қатыса алады. Ол үшін бар болғаны qoqamfin.kz сайтында сұраныс қалдыру қажет.

Осы жылы «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 750 мың отандасымыз оқыту курсынан өтеді. Олардың қатарына еліміздің жоғары және орта оқу орындары мен мектептер де тартылды.

«АМАНАТ» партиясы Үкіметпен бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейтуді жоспарлап отыр. Биыл жобаны жүзеге асыру үшін бірнеше коммерциялық банктер қолдау білдіруде.

Өз кезегінде, жоба жетекшісі Ақмарал Бекмұрзаева несие бойынша 90 күннен астам уақыт төленбей келген берешегі бар отандасымыздың саны 2 млн-ға жуықтайтынын айтты. Бұл — халықтың 10%-ын және экономикалық белсенді азаматтардың шамамен 20%-ын құрады екен.

«Қарызсыз қоғам» жобасына қатысушылардың 58%-ы — төрт және одан да көп бала тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасылар. Ал қарыз өтеу мерзімі 90 күннен асатын азаматтардың үлесі — 18%. Әрбір екінші қатысушының отбасындағы ортақ табысы 100 мың теңгеге де жетпейді. Сонымен қатар курстан өткен азаматтардың үштен бірінде екі немесе одан да көп несие бар. Сондықтан жоба жеке тұлғаның ғана емес бір отбасының ауқымды мәселесін шешу жолында ерекше игілікті іс болып

отыр», — дейді Ақмарал Бекмұрзаева.

«Қазір Үкімет пен «АМАНАТ» партиясының бірлесіп қолға алып отырған «Қарызсыз қоғам» жобасына оң ықпал ету мақсатында министрлік бірнеше заң жобасын даярлап, Парламентке ұсынды. Аталмыш заңнамаларда қаржы ұйымдарының азаматтарға несие берудің біршама шарттары өзгертін болады. Оның ішінде тұтынушылық кредиттердің өсімін едәуір шектеу мен қатар онлайн түрде несие алумен қоса, коллекторлық ұйымдардың несие өндіру ісі де пысықталатын болады. ИМ-мен бірлесіп, алаяқтық жолмен несие рәсімдеушілердің қитұрқы әрекеттері де қатаң түрде пысықталатын болады», — деді Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байназаров.

«Жолдасымның табыс көзі 150 мың теңге болатын. Өзім отбасында бала күтімімен отырдым. Банкпен 1 млн теңге несие алып тұрып жатқан үйімізді жөндейміз деп ойладық. Кейін несие төлеу кезінде жолдасымның жалақысының көп бөлігін банкке салып отырдық. Рас, басымызға қиындықтар түсе бастады. Кейін «Қарызсыз қоғам» жобасы туралы естіп, қаржы сауаттылығымды арттырып, кәсіп ашу туралы шешім қабылдадым. Осылайша, «Ауыл аманаты» жобасы негізінде жеңілдікпен 4 млн 400 мың теңге несие алып, 8 бас ірі қара мал сатып алдық. Бүгінде осы кәсіптің отбасымызбен нәсібін көріп отырмыз. Ауылдастарыма жоба барысын түсіндіріп жүрмін. Қазір біздің ауылда «Қарызсыз қоғам» жобасына қатысып, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы несие рәсімдегісі келіп отырған аналардың қатары қалың», — дейді Түркістан облысы Сайрам ауданынан келген көпбалалы ана, кәсіпкер Айнұр Есенова.

Қазір елімізде әйел азаматтарының басында ірі көлемдегі қарыздар бар екені туралы мәселе көтеріліп жүр. «АМАНАТ» партиясы осы бір әлеуметтік проблеманың шешілу жолын айқындау

мақсатында биыл аталмыш жобаны отбасылық жағдайға назар сала отырып жүргізуді қолға алған.

«Кәсіппен айналысқаным 28 жыл болды. Жергілікті мал өнімдері оның ішінде жүннен түрлі өнімдер өндірудеміз. Бұл әсіресе, ауыл азаматтары үшін ерекше қолайлы жоба болып отыр. Ауыл халқының көбінің алдында банктік несие бар. Кейбірі қайтара алмай отыр. «Қарызсыз қоғам» жобасы осы мақсатта өзінің тиімділігін көрсетуде. Алдымен, әр азамат өзінің қолдағы қаражатын қалай жұмсау керектігін үйренуі керек. Өз басым алғаш кәсіп бастаған шақта біршама қиындыққа ұшырап шығынға баттым. Ол уақытта мұндай бағдарлама болған жоқ. Бүгін өзім аяққа тұрған кәсіпкер болсам да осы жобаға арнайы қатысып жүрмін. Себебі білмейтінім көп екенін түсінем. Сонымен бірге өзім сияқты жан-дарға септігім тисін деймін. Осы жобадан үйренгенімді өзгелерге жеткізейін деген мақсатпен келдім. Кәсіпкер қыз-келіншектерді қолдап, олардың табанды болуына жоба жетекшілерімен бірлесіп күш салмақпын», — деп отыр Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақсуат ауылдық округінен келген кәсіпкер Ләззат Мұратқызы.

«Мен осы жоба туралы әлеуметтік желіден естіп, үлкен ойға қалдым. Өзімнің кәсіпкер болсам деген арманымның жүзеге асуын қолдайтын жоба екен деп шешіп, бірден модераторға жазылдым. Қаржылық сауаттылық туралы арнайы курсты тәмамдаған соң отбасымызбен кәсіп ашуға талпындық. Бизнес жобамызды дайындап, облыстық деңгейдегі жарияланған 5 млн теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантка қатысып, бағымызды сынадық. Бүгінде тілегіміз орындалып, өз кәсібімізді аштық. Қазір ауылда отырып шұжық шығарып жатырмыз. Болашақта таза өнімдіміздің көлемін арттырып, өзге өңірлерге жөнелтуді мақсат етіп жүрміз. «Қарызсыз қоғам» жобасы елдің үмітін ақтайтын нағыз уақытында жолға қойылған іс болып отыр. Біз құсаған талай жанға демеу боларына сенімім мол», — дейді Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Сайын Шапағатов ауылының тұрғыны, кәсіпкер Асылтас Қуатбаева.

Қазір отбасындағы жанжал көбіне жанұядағы қаржылық мәселеден туындап жатқанын әлеуметтік сарапшылар айтып отыр. Тіпті, ажырасудың да 60 пайызы қаржылық проблеманың кесірінен туындайды екен. Сондықтан елдің жаппай қаржылық сауаттылығын арттыру мемлекет үшін де, еліміздің әр азаматы үшін де аса өзекті. Бұл мақсатта «АМАНАТ» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасына халық зор сенім артып отыр. Ел сеніміне селкеу түсірмей, барынша онтайлы қадам жасау партияның және жоба жетекшілерінің жіті қадағалауында екенін айтқан жөн.

Бердібек ҚАБАЙ

АУЫЛДЫ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ДРАЙВЕРІ



Ауыл еңбеккерлерінің өмір сүру сапасын жақсартып, табысын арттыруды көздеген «Ауыл аманаты» жобасы өз тиімділігін көрсетіп, халық арасында зор сұранысқа ие болуда.

«Ауыл аманаты» жобасын 2023 жылдағы басты халықтық жоба деп айтуға толық негіз бар. Президенттің сайлауалды бағдарламасында көзделген міндеттерді орындау мақсатында былтыр елімізде 2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында «AMANAT» партиясы Үкіметпен бірлесіп аталған жобаны тиімді түрде жүзеге асырып келе жатқаны белгілі. Мәселен, «Ауыл аманаты» жобасына өңірдегі ауыл тұрғындарынан 10 млрд теңгені құрайтын 1 400-ден аса өтінім келіп түскені белгілі болған. Демек, ілкімді жобаға ел ерекше сенім артып отырғанға ұқсайды.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» — ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ

Былыр 7,5 мыңға жуық ауыл тұрғындарына шағын несие берілсе, биыл 15 мыңға жетпек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын» бекіткенін білеміз. Үкіметке Парламент Мәжілісінің отырысында халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шаралар тізімін ұсынуды тапсырған болатын. Міне, осы тапсырманы жүзеге асыру мақсатында «AMANAT» партиясы халықтың, әсіресе ауыл тұрғындарының жағдайына ерекше мән беруді жүктеген.

Бұл мақсатта «AMANAT» партиясымен бірлескен «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарына жылдық 2,5%-бен 5-7 жыл мерзімге шағын несиелер рәсімдеуді үдетті.

Бұл туралы Мәжілісте «AMANAT» партиясы фракциясының кеңейтілген жиынында депутаттар «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру жөніндегі Үкіметтің 2023 жылғы есебін тыңдау барысында белгілі болды. Бүгінде шамамен 80 млрд теңге сомасына жылдық мөлшерлемесі 2,5%-ды құрайтын 12,7 мың шағын несие берілген екен. Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов кеңейтілген жиында ауылды дамыту мәселесі Мемлекет басшысының ерекше бақылауында екенін атап өтті. «Ауыл аманаты» жобасы — ауылды дамытудың жаңа драйвері. Жалпы алғанда, 2029 жылға қарай жоба аясында 1 млн

ауыл тұрғынын қамтып, 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отырған көрінеді. Алғаш рет ел тарихында аталған мақсатқа 1 триллион теңге көлемінде қолма қол қаражат бөлінді. Бұл халықтың еңсесін көтеріп, елдің тұрмыс жағдайын көтеру мақсатында мемлекет тарапынан қабылданып отырған аса үлкен бастама екенін енді тағы да бір еске салған дұрыс.

«Президенттің сайлауалды бағдарламасына енгізілген осынау бірегей жобада ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартудың нақты әрі түсінікті тетіктері қарастырылған. Ең бастысы, қаражаты толық шешілген. Бір жылдың ішінде жобаның тиімділігін көріп отырмыз. Барлық мемлекеттік орган мен әкімдік «Ауыл аманаты» жобасын сапалы жүзеге асыруға тиіс. Негізгі міндет те осы болуы керек», — деді Мәжілісте өткен «AMANAT» партиясы фракциясының кеңейтілген жиынында партияның Төрағасы Ерлан Қошанов.

Осы жиында биыл ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған бағдарламаға қазынадан 100 млрд теңге қарастырылғаны айтылды. Бұл мақсатпен еліміздің барлық өңірінде 15 мыңнан аса жоба жүзеге асырылмақ. Оның ішінде мал мен өсімдік шаруашылығы, кооператив құру және азаматтардың жеке кәсібін ашуға арналған бастамалар да кіріктірілген.

Отырыс барысында Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова «Ауыл аманаты» жобасы аясында жұмыспен қамтылған азаматтар санын арттыруға арналған нақты жоспарларын ортаға салды. Ал Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров фракция мүшелерін жобаның негізгі көрсеткіштері туралы хабардар етті. Талқылау барысында Мәжіліс Спикері өңірлер арасындағы қаржылық теңгерімсіздікке назар аударды. Былтыр жалпы несие сомасының 43,9 млрд теңгесі Жамбыл және Түркістан облыстарына берілген. Алайда небәрі 1 миллиард теңге алған аймақтар да бар. Ерлан Қошанов Үкімет ірі ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруға тиісті көңіл бөлмейтінін атап өтті. Сондай-ақ ол «AMANAT» партиясы

жанындағы жобалық кеңсе былтыр ауыл шаруашылығындағы жекелеген салалардың экономикалық бағдары мен даму әлеуетін анықтау үшін 166 ауданда, 16 шағын қала мен 2 260 ауылдық округте скрининг жүргізгенін еске сала отырып, мүмкіндігінше ынталы халықты қолдау керек екенін ескертті.

АУЫЛДЫҢ ЖАЙЫН ЕЛЕУСІЗ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

Елімізде халықтың негізгі шоғыры ауылдарда тұрады. Бүгінде ауылда өмір сүретін қазақстандықтардың саны 7,7 миллионнан асады. Бұл — жалпы халықтың 41 пайызы деген сөз. Сондықтан мемлекетке ауылдардың жайын елеусіз қалдыруға болмайтыны анық. Былтыр ауыл тұрғындарының табысы қаладағыларға қарағанда 38 пайызға төмен екені анықталған. Яғни, шалғайдағы елдің табысы мемлекеттің аландырушылығын туғызып тұр. Әйтсе де, бұл мәселе «Ауыл аманаты» жобасы арқылы біршама оңалуда тиіс деген болжам бар.

Игілікті жобаның ырысын көріп отырған шаруалардың өзімен тілдескенімізде, барлығы да аса тиімді бастама екенін айтты. Жоғарыда атап өткеніміздей, жобаның шарттары мен тиімділігінен барлық республиканың тұрғындары, әсіресе ауылдықтар құлақтанып үлгерген. Бұл туралы аудан әкімдіктеріндегі тиісті басқарма басшылары да айтты. «Биыл ауылдарда шағын кәсіпкерлікпен айналысуға ниеттілер саны артты. Жаңа кәсіп ашамын деген ауыл тұрғындарынан 2,3 млрд теңге несие сұраған 187 өтініш түсті. Бұл өтініштердің басым бөлігі — техникалық қызмет көрсету, шаштараз, қоғамдық тамақтану орындары және құрылыс материалдарын өндіру секілді сервистік қызмет көрсету бағыты. Ал өткен жылдардан бері жоба негізінде 394 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі тіркелсе, соның қазір 270-і нақты жұмыс істеп тұр», — дейді Батыс Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Аян Халауедин.

КӘСІБІ — НӘСІБІ

«Ауыл аманаты» жобасы — сөзсіз халық игілігі үшін жасалып жатқан дүние. Сондықтан да көптің айтқанымен емес, ақылға салып, жетілем, өнем, өсем деген жандардың қатарында болуға шақыра-

мын!» — дейді Қызылорда облысы Шиелі ауданы Берекелі ауылының тұрғыны, кәсіпкер Қанат Мұсаев.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданына қарасты Бескөл ауылында тұратын Сатыбалдиндер отбасы тауық өсіретін шағын құс фермасын ашты. Енді олар ауылдастарын экологиялық таза өніммен қамтамасыз ете бастаған. Отбасылық бизнес «Ауыл аманаты» бағдарламасының арқасында іске асып отыр.

Облыстың мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бөлімінің бастығы Талғат Жұмабековтің мәліметіне сүйенсек, «Сатыбалдин» ЖК «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жылдық 2,5%-бен 5 жылға және жеңілдікті кезеңмен 1 жылға 8 миллион теңге көлемінде несие алған.

«Күйеуіммен бірге отбасылық бизнес бастаймыз деп шештік. Еш өкінбейміз. Алдымен шағын несие алдық. Кейін оған тағы 6 миллион теңге қаржыны қостық. Оған керек-жарақ пен 800 бас тауық сатып алдық. Арнайы торларды жергілікті компания жасап берді. Құн сайын жұмыртқа алып, жергілікті тұрғындарға сатамыз. Өніміміз тез өтіп кетеді», — деді Сара Сатыбалдина.

«Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігі халықты қуантып отыр. Мен өткен жылы 7,5 млн теңге несие алып, мал басым молайттым. Қазір қожалығымыздың өрісі кеңіп, қосымша жұмыс күшін тартып отырмыз. Көктемде мал төлдеген шақта ауыл азаматтарын уақытша болса да қосалқы жұмысқа тартпақ ойым бар. Қазір «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несие алып, мал өсіріп, егін баптаймын деген елдің қарасы көп», — дейді Жамбыл облысы Жамбыл ауданына қарасты Қаракемер ауылдық округінің тұрғыны Төрехан Райсов.

Мал басын молайтып отырған Төрехан Алтынханұлы мемлекеттің ауыл халқына көрсетіп отырған қолдауының игілігі мол екенін айта

Мемлекет басшысы тапсырмасын мұлттық жүзеге асыруды қолға алған «AMANAT» партиясы осы бір олқылықты нақтылап, кемшін тұсын тезге салса дейді.

«Шаруашылығымды бастағанға дейін ауыл мен қала ортасында таксист болып жүріп, бала-шағамды асырадым. 2022 жылдың соңында мемлекеттің қолдауымен жүргізіліп жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы туралы естіп, бірден өтініш бердім. Өтінішім қанағаттандырылған соң 4 млн 800 мың теңге көлемінде қаражат алып, жылыжай шаруашылығымен айналысу керек деп ұйғардым. Қазір отбасымызбен екі бірдей жылыжай шаруашылығын өркендетіп, қияр мен қызанақтан өнім жинап отырмыз. Биыл жылыжайымыздың екеуіне де жылу өткізіп, қыста да өнім ала бастадық», — дейді жамбылдық бағбан Мақсатбек Кәкішұлы.

«Өткен жылдың тамыз айында 8,6 млн теңге көлемінде қаражат алып, үстіне қалғанын қосып, ауыл шаруашылығына арналған техника сатып алдық. Күзде шаруашылықтарда жұмыс істеп, қыс айнала қаршығару жұмыстарына кірісіп кеттік. Ауыл техника үшін ауылда жұмыс қашанда мол. Игілігін барлық ауыл көріп отыр десем болады. Бір айта кетерлігі, несие рәсімдеу үшін құжаттарды тіркеу қиынға соқты. Уақытты да көп талап еткен құжат мәселесі. Жалпы, халықтың көбі осы «Ауыл аманаты» бағдарламасынан үмітті. Өзге несие ұйымынан алатын қаражатқа қарағанда пайызы өте төмен. Сондықтан ауылдастарыма үнемі кеңес беріп жүрмін. Ауыл халқы үшін мемлекеттің қолдауы маңызды. Ауылды сақтау үшін де «Ауыл аманаты» жобасы аса қажет болып тұр», — дейді Қарағанды облысы Абай ауданы Топар кентінің тұрғыны, кәсіпкер Рауан Атбергенқызы.

«Болашақта барлық кем-кетікті ескеру қажет. Жоспарланған көр-



Жаслан ЖҰМАБЕКОВ (фото)

келе құжат жинау мәселесіндегі әкімшілік кедергілер шыға беретінін еске салды. Себебі Төрехан Алтынханұлының өзі аз пайызбен несие алу мақсатында Жамбыл ауданына, тіпті облыс орталығына да барып, құжаттарының дұрыстығын дәлелдеуге тура келген екен. Оның айтуынша, аудан не облыс орталықтарынан шалғайда орналасқан ауыл азаматтарының алыстан сабылып жүруге де жағдайы жетпей, жұмыс орта жолда тоқтап, азаматтар шарасыз күйге түсуде.

Мұндай мәселенің бар екенін өзге де өңір азаматтарының ойынан білдік. Кепілге қоятын үйдің не өзге де мүлкті бағалау кезінде бақылаушылардың болмашы дүниеге шұқшылып, құжатты рәсімдемей қойған шақтары да кездескен. Одан бөлек, мал не егіншілікпен айналысушыларды мезгілсіз келіп тексеріс жүргізіп, жұмысқа кедергі келтірген сәттер де болғанын шаруалар сөз арасында айтып қалды.

сеткіштерге қол жеткізу үшін алдағы кезеңде кемінде жыл сайын 50 мың жұмыс орнын ашып отыруға тиіспіз. Қағаз бетіндегі әдемі цифрлардың қажеті жоқ деп санаймын. Бастысы — жұмыссыз ауыл тұрғындарын тұрақты еңбекпен қамту», — деген болатын «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру жөніндегі Үкіметтің 2023 жылғы есебін тыңдау барысында Ерлан Қошанов.

«AMANAT» партиясының ізгі бастамаларға қашанда қолдаушы болып, халық жанынан табылуға барынша күш сала бастағанын былайғы жұрт жақсы түсініп отыр. Партияның қолға алып жатқан тың жобаларына сенім де артқан. Сөзден іске демекші, «Ауыл аманаты» жобасы бұл сөзге нақты дәлел болып тұрғандай. Осы жылы жоба негізінде өз ісін қолға алуға ұмтылып отырғандардың қарасы тіпті қалың екенін ұқтық.

Берік БЕК

Ел Үкіметі халықтың күнделікті ішіп-жейтін азық-түлік түрлерінің бағасын реттеуді нарықтың еркіне беруді ойластырып отыр. Оған 19 түрлі өнім кіреді. 2010 жылы аталған тауарлардың тізімі бекітіліп, «әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары» (ЭМАТ) деген атау берілген-ді.

Бауыржан БАЗАР

Быттыр жыл соңына қарай осы ЭМАТ-тың тізіміндегі 9 азыққа (тұз, ұн, макарон өнімдері, қарақұмық, күріш, нан, сүт, картоп пен жұмыртқа) шекті баға белгіленбейтіні айтыла бастаған. Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті аталған 9 тауардың өндірісі ішкі нарықты 100% қамтып отыр деп сендіре мәлімдеді. Соған сай, оларға қатысты баға мен тарифтерді мемлекеттік реттеуден кезең-кезеңімен бас тарту жөніндегі Жол картасына сәйкес, 2024 жылдан 9 азық-түлік түріне шекті баға енгізілмейтіні хабарланды. Ал қалған 10 азық түрі ЭМАТ тізімінен 2025 жылы сызылатыны айтылған. Сауда комитетінің AIQYN-ға жолдаған мәліметінше, бүгінде Кәсіпкерлік кодекске және «Сауда қызметін реттеу туралы» заңға бірқатар түзету әзірленді.

Алайда Сенат депутаттары кезең-кезеңімен бас тартудың орнына ЭМАТ бағасын біржолғы реттеуді ұсынды. «Осыған байланысты министрлік ЭМАТ бағасын мемлекеттік реттеуден кезең-кезеңімен бас тарту шеңберінде бұрын жоспарланғандай тауарларға бөлінбестен, яғни 2025 жылғы 31 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, мемлекеттік реттеуден толық бас тартуды жоспарлап отыр», — дейді Сауда комитеті төрағасының орынбасары Елнұр Жәутікбаев.

Сонымен, бағасын нарық реттейді деген шешімді әзірге шала деп санаған сенаторлар оны бір жылға шегерді. ЭМАТ тізіміндегі аталған 9 түрдің еліміздегі өндіріс көлемі қандай? Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне сүйенсек, еліміздегі тұз өндірісі 356,3 мың тоннаны құрайды. Сондай-ақ ұн — 3 275,6 мың тонна, макарон өнімдері — 156,4 мың тонна, қарақұмық — 20,2 мың тонна, күріш — 205 мың тонна, нан — 506,5 мың тонна, сүт — 598,6 мың

тонна, картоп — 3 788,1 мың тонна, жұмыртқа өндірісі — 4 919,8 мың дана.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

Біздің елде күнделікті ішіп-жемге қажет өнімнің 80%-ы нарыққа базарлар арқылы шығарылады. Ал базардағы баға

жұықтайды. Бірақ базардың ішіндегі тіршілік астаналық сауда орны деген талаптан алыстау жатқанын байқадық. Аңғал-саңғал салынған сауда орындарының іші суық, санитарлық талапқа сай емес. Қалың киіммен дірдектеп тұрған сатушылар өз бетінше жылыту құрылғыларын қосып,

ХАЛЫҚ КҮТКЕН БАҒАНЫ НАРЫҚ РЕТТЕЙ МЕ?

Р/с	Тауардың атауы	«Шарын» базары	Magnum Express супермаркеті
1.	Ас тұзы («Экстрадан» баскасы)	«Аралтұз» 80 теңге	87 теңге
2.	I сұрыпты бидай ұны	«Сто пудов» 228 теңге «Снежинка» 220 теңге	«Makfa» 639 теңге
3.	Макарон (өлшеніп сатылатын)	«Дамир» 370 теңге	295 теңге
4.	Қарқұмық жармасы (өлшеніп сатылатын)	260-270 теңге	220 теңге
5.	Күріш (өлшеніп сатылатын)	«Лидер» 550 теңге «Камолино» 580 теңге	649 теңге
6.	I сұрыпты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	180 теңге	190 теңге
7.	Сүт	«АЯ» 330 теңге	«Буренка» 447
8.	Картоп	100-110 теңге	107 теңге
9.	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	1 данасы 60 теңге	1 данасы 65 теңге
«Шарын» базары (Алаш тас жолы, 31/2) және Magnum Express супермаркеті (Қосшы қ., Республика көш) 2024 жылғы 29 ақпанындағы баға көрсеткіші			

билікке бұрыннан-ақ бағынбай келгені мәлім. Оған негізгі себептің бірі — өндіруші мен тұтынушы арасындағы делдалдық іс. Көлеңкелі экономика да, қымбатшылықты қолдан жасау ымырасы да осы жүйеде жасалады.

ЭМАТ тізіміндегі тоғыз тауардың құны қандай екенін білмек мақсатта Астана іргесіндегі «Шарын» базарына бас сұқтық. Елорданың солтүстік-шығыс бөлігіндегі көкөніс хабы саналатын осы жерден жеміс пен көкөніс және басқа да азық-түлік бас қаланың сауда желілеріне жөнелтіледі. Одан бөлек, іргедегі аудан тұрғындары алып кетеді. Базардың іші-сыртында жұмыс істеп, нәпакасын айырып отырғандардың жалпы саны 1 500-ге

амалдайды екен. Электр энергиясының өзіне айына 60 мың теңгеге дейін төлейтінін айтқан сатушының сөзінше, сауда нүктесінің арендасы айына 130 мың теңге шығады. «Бізге негізінен құрылыс компаниялары, бригадалар келіп, азық-түлік сатып алады. Сосын көпбалалы отбасылар, зейнеткерлер келеді, олардың алатыны аз. Бытырға қарағанда биыл сауда жоқ. Қасымда тұрған екі сатушы өнімін өткізе алмай, тастап кетті», — деді есімін айтқысы келмеген сатушы. Базар қожайындары биыл заманға сай ғимараттар тұрғызып береміз деп уәде беріп отырған көрінеді. «Осы жолғы уәделерін орындайтын шығар» десті базардағылар.

«Шарын» базарындағы бағаның жайын білген соң, Астананың іргесіндегі Қосшы қаласындағы Magnum Express супермаркетіндегі бағаны білдік. Төмендегі кестеде ЭМАТ тізіміндегі 9 тауардың ең арзан бағалары берілген.

Экономикалық зерттеулер институтының сарапшылары гео-саяси шиеленістер, санкциялық жүктемелер, тасымал жолындағы кедергілер әлемдік азық-түлік бағасының өсуіне әкеліп отырғанын айтады. Мысалға, Ресей мен Украина арасындағы, Таяу Шығыстағы қақтығыстардан соң 142 елде инфляциялық өсім байқалған.

Дүниежүзілік банктің бағалауынша, әлемде азық-түлік бағасы 1%-ға өскеннің өзінде 10 млн адам кедейлікке ұшырайды. Сол себепті БҰҰ жағдай түзелмесе, 50 мемлекетте 181 млн адам азық-түлік тапшылығына тап келуі мүмкін.

Азық-түлік бағасының инфляциясы біздің елімізде де бірнеше жыл бойына төмендемей тұр. Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы 1 наурыздағы дерегіне сүйенсек, еліміздегі инфляция бір жылда 21,3%-дан 9,3%-ға баяулаған. Ал азық-түлік тауарлары бір жыл ішінде 7,4%-ға өскен. Оның ішінде халықтың күнделікті тұтынатын тағамының бағасына қатысты өзгерістер бар. Мәселен, 2023 жылғы ақпан айымен салыстырғанда бағаның көтерілуі күрішке — 26%, жұмыртқаға — 18,3%, жеміс және көкөніс шырындарға — 12,5%, сары майға — 12,2%, пастерленген сүтке — 11,3%, макарон өнімдеріне 10,4% тіркелді. Керісінше, пияз бағасы 42,5%-ға, қарақұмық

жармасы — 24,3%, құнбағыс майы — 21,2%, қант — 14,8%, картоп 12%-ға арзандаған.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің 01.03.2024 жылы AIQYN-ға жолдаған жауабындағы мәлімет бойынша, еліміздің тұрақтандыру қорларында 9 түрлі азық-түліктің қоры:

тұз — 128,2 тонна, ұн — 10,8 мың тонна, макарон — 347 тонна, қарақұмық — 1,8 мың тонна, күріш — 5 мың тонна, нан — 297 мың дана, сүт — 227 тонна, картоп — 24,6 мың тонна, жұмыртқа — 23,8 мың дана.

Сауда комитеті төрағасының орынбасары Елнұр Жәутікбаевтың пікірінше, ЭМАТ бағаларын мемлекеттік реттеуден бас тарту мемлекеттің нарықтық қатынастарға әсер ету үлесін азайтуға мүмкіндік береді. «Бағаны кез келген мемлекеттік реттеу жүйелік мәселелерді шеше алмайды, бірақ орта мерзімді кезеңде кешіктірілген инфляцияға әкелуі мүмкін», — дейді ол.

Дегенмен сарапшылар Үкіметтің азық-түлік бағасын реттеуге қатысты шешіміне әртүрлі пікір айтып отыр. Өйткені Қазақстанда әлі күнге дейін азық-түлік экспортына қарағанда импорт көлемі бірнеше есе жоғары. Мысалы, ішкі нарықта тұтынылатын шұжық және сүт өнімдерінің үлкен үлесі импортқа тиесілі. Кант бойынша импортқа тәуелділік — 95%. Отандық кант зауыттары бытыр өндірісті 400-450 мың тоннаға жеткіземіз деген жоспары орындалмай қалды. Консервіленген жемістер мен көкөністер бойынша да сырттың өнімін тұтуға мәжбүрміз. Бұл тізімді санасақ жалғаса береді.

Сондықтан инфляцияны реттеп, тұрғындардың өміріне қажетті өніммен қамтамасыз ету үшін әлемдік тәжірибені қарастырған жөн. Экономикалық зерттеулер институтының дерегінше, Эстонияда баласы көп отбасыларға азық-түлік көмегі көрсетіледі. АҚШ-та да жеңілдікті негізде азық-түлікпен қамтамасыз ету арқылы кедейлерді қолдаудың дамыған жүйесі бар. SNAP бағдарламасы арқылы федералды бюджеттен 42 млн аз қамтылған тұрғынды қолдауға шамамен 100 млрд доллар жұмсалады. Ақша (150 доллар) ай сайын дебеттік карталарға түседі, оны тек азық-түлікке жұмсай аласыз. Ал Германияда 1993 жылдан бастап Tafel қайырымдылық ұйымы жұмыс істейді. Ұйым көмектің екі түрін ұсынады (минималды бағамен және ақысыз).

● АЙТАР ОЙҒА АЙҚЫНДАМА

Бауыржан ЫСҚАҚ,


экономика ғылымдарының кандидаты:



— Жалпы, мемлекеттің шағын және орта бизнеске және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің қызметіне араласу функциясы азаюға тиіс. Дегенмен қазіргі сәтте Үкіметтің ЭМАТ-тың 9 түрінің бағасын нарыққа жіберуі — үлкен тәуекелді шешім. Екіншіден, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларын қамтамасыз етуде халықаралық тәжірибені пайдалануымыз қажет. Әлеуметтік азық-түлікке тікелей қажеттілігі бар азаматтарды адрестік көмек көрсету арқылы жәрдем беруді жолға қойған жөн. Үшіншіден, азық-түлік нарығындағы монополистерге де, олигополистерге де шарт бірдей болуы керек. Яғни, салық төлеу, бизнесті түргізу жағынан талап ашық әрі айқын болғанда таза бәсекелестік орнығады, табысты қызмет ететін өндірушілер көбейеді.

Теміржан АЙТБАЕВ,

«Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС басшысы:



Сондықтан қаржыны онды-солды шаша бермей, шағын қоймалар салу керек. Мен Бішкекте болдым, Қырғызстанда 100-200 тонналық шағын қоймалар өте көп, ыңғайлысы да сол.

Үшіншіден, атқарушы билік көрші елдің арзан өнімін әкеліп, нарықты толтыруды жөн көреді. Әйтеуір, баға қымбаттамай, халық шуламаса болды. Ал ол өнімнің сапасы қандай? Адам ағзасына қауіп бар ма? Ешкім бас қатырып жатқан жоқ. Сондықтан бұл салаға ғылыми тұрғыдан келіп, ғылым мен өндірісті ұштастыру керек. Топырақтың құнарын жақсартып, тұқым шаруашылығын жолға қоймай тұрып, бекерге қаражат шашудың реті жоқ.

— Осы уақытқа дейін бізде өнімді өткізу ісі бейберекет болды. Фермер көктемде не егерін білмей дағдарды, өйткені күзде оны қалай өткізеріне кепілдік жоқ. Екіншіден, алған өнімді қыс бойы сақтайтын орын жоқ. Үкімет кәсіпкерлермен бірге салып жатқан ірі қоймалардың жалдау ақысы қымбат. Көбі бос тұрады. Мысалы, біраз жыл бұрын Шеңгелдіде 10 мың тонна көкөніс қоймасы салынды, кейіннен жабылып қалды.

Атамұрат ШӘМЕНОВ,

экономика ғылымдарының докторы:



— Азық-түлік бағасын ауыздықтауға келгенде ұятты жағдайда отырғанымыз жасырын емес. Халық табысының жартысына жуығы тамаққа кетеді. Осындай жағдайда отырғанда Үкіметтің бағаны нарық реттейді деген шешімі жауапкершіліктен жалтаруға көбірек ұқсайтындай. Қымбаттап жатқан өнімнің бәрі — өз жерімізде өсіруге болатын өнімдер. Бытыр отандық фермерлердің жүгерісі, алдыңғы жылы қырыққабаты өтпей, шіріп кетті. Демек, салада мемлекеттік реттеу жоқ. Жалпы, Үкімет ЭМАТ тізіміндегі 19 азық-түлік санын әлі де көбейтуге тиіс. Азаматтарымыздың денсаулығына қажетті дәрумені көп өнімдерді қосу қажет. Азық-түлік бағасына келгенде ұятты екеніміз өтірік емес қой.

Қазақстанда «ғажайып» болды: тосыннан Арал теңізі тола бастаған. Бірақ сарапшылар оның нақты себебі барын айтып отыр. Мұның сыртында Қазақстан Үкіметі алдағы жылда жаңа, алып бөгет-дамба салуға кіріспек. Соның арқасында «қашқан теңіз» болашақта кері оралып, Арал қаласының іргесінде көк толқыны көбігін шашып жатады деген үміт бар.

Айхан ШӘРІП

Арал теңізінің деңгейі 2023 жылы көтерілді. Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстандағы атқарушы дирекциясы директорының орынбасары Зәуреш Әлімбетованың айтуынша, бұған Орталық Азия елдерінің құрғаған теңізді толтыруға бағытталған келісімді іс-әрекеттерінің арқасында қол жеткізілді.

Бытыр Аралға 2 миллиард текше метр су құйылды. Осының арқасында ұзақ жылдардан бері алғаш рет Арал теңізінің айдыны 1 метрге жуық (95 сантиметр) ұлғайды. Алайда тек соңғы 12 жылда оның аква-ториясының көлемі 27 миллиардтан 18 миллиард текше метрге дейін кеміп кеткенін ескерсек, қуануға әлі ерте.

Мамандар кейінгі жылдары су деңгейінің төмендеуіне Сырдан судың аз келуінен бөлек, Көкарал бөгетінің кирауы да себеп болғанын айтады. 2005 жылы теңіздің қазақстандық бөлігіндегі су деңгейін сақтап қалу мақсатында бұрынғы Көкарал түбегі мен Берг бұғазы аралығында Өзбекстандағы Үлкен Арал мен еліміздегі Солтүстік Аралды бөліп тұратын бөгет тұрғызылды.

Құрылысына халықаралық несие қаражат та тартылған Көкарал бөгетінің ұзындығы 13 шақырым, биіктігі 4–6 метр болды. Бұрынғы билік бұл жобаны тәуелсіздік жылдарындағы ең ірі жетістіктің бірі ретінде мақтан тұтып, дәріптегені мәлім. Бірақ құрылысы сапасыз жүргізілгендіктен бе, нысан ұзаққа шыдамады, етегі үгіліп, жиегі жырымдалып, бұзылды.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметінше, бүгінде Солтүстік Аралдың ауданы шамамен 2 850 шаршы шақырымды құрайды.

Биыл теңіз тағдыры біршама шешілетін жаңа кезең басталды деуге болады. 2024 жылы Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық ету кезегі Қазақстанға өтті. Алдағы үш жыл бойы еліміз аталған ұйымды басқаратын болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың



АРАЛДЫҢ ҮМІТ ЖЕЛКЕНІ КЕРІЛДІ

соңына дейін ХАҚҚ Президенті болып сайланды.

АРАЛҒА ТҮСЕР ӘР ТАМШЫ ЕСЕПТЕ БОЛАДЫ

Ең алдымен, көшбасшы ретінде Қазақстан Орталық Азия елдерін су қауіпсіздігі мәселесінің айналасында жұмылдырып, игілік әкелер ортақ ұстанымға, бөтуалы бітімге келтіріп жатыр. Осы бағытта үзіліп қалған немесе тіпті тоқыраған келіссөз процестері жанданды. Ал Аралдың суға толуы негізінен одан алыс қонған Қырғызстанның бізге қанша су беретініне тікелей тәуелді екені белгілі. Бұл ел қорға кірмейді. Келіссөздердің қарқын

алуы, ынтымақтастықтың өрістеуі арқасында алдағы қар еру кезеңінде, 2024 жылғы 1 сәуірге дейін Сырдария өзеніне 11,1 текше шақырым су құйылады деп күтілуде. Су ресурстары министрлігінің мәліметінше, бұл Сырды емген Қызылорда, Түркістан облыстарының диқандарын вегетациялық кезеңде керекті сумен толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ Арал теңізіне былтырғыға жетеғабыл, 1,6 текше шақырым су бағыттауға мүмкіндік бермек.

Сонымен қатар Қазақстан жаңа, алып бөген құрылысына кірісіп жатыр. Халықаралық Аралды құтқару қоры мамандарының түсіндіруінше, еліміз Дүниежүзілік банкпен бірге Солтүстік Аралды сақтау бойынша бірлескен жобаларды қолға алды.

Соның аясында Дүниежүзілік банк жобаның екінші кезеңі үшін техникалық-экономикалық негіздеме дайындауға грант қаржы бөлді. Су ресурстары министрлігі бұл жоба аясында ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, жергілікті экожүйені тұрақтандыру, шаң-тұздың таралуын азайту және өсімдіктердің өсуіне жағдай жасау үшін Арал теңізінің оңтүстік бөлігін де қамтуға ниетті.

Жүзеге асырылмас бұрын жоба Қазақстанда бірқатар

сараптамадан өтуге тиіс. Дүниежүзілік банк өкілдері оның бәрін күтуге және қолдауға дайын екенін білдірді. Жоба орта жолда қалмайды, шенеуніктер оны бюрократиялық созбалға салмайды деген сенім бар. Себебі былтырғы Жолдауында су ресурстарын сақтауға ерекше назар аударған Мемлекет басшысының өзі суға жауапты жаңа министрді Аралға қатысты жобаларды жеке бақылауда ұстауға міндеттеді.

Бытыр Қазақстан Президенті халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының кенесінде Арал теңізіне өзендерден қанша су келетінін ұдайы бақылауда ұстау, есепке алу, басқару және әділетті бөлу үшін «бірыңғай автоматтандырылған жүйе» енгізу бастамасын жариялады. Қ.Тоқаев осы халықаралық жүйені құру бойынша жұмыс жоспарын әзірлеуді ұсынды.

ЖАҢА БӨГЕН НЕСІМЕН ЖАРЫЛҚАЙДЫ?

Су ресурстары және ирригация министрлігінің дерегінше, қар көп түсіп, мұз көп қатқан, жауын-шашынды болған жылдары судың көлемі де ұлғайып, Сырдариямен 15–17 текше шақырымға дейін су жүреді. Су көлемі кеміген жылдары су 10 текше шақырымға жетпей қалуы мүмкін.

Мамандар Солтүстік Арал тұрақты толынуы үшін оған жыл сайын кем дегенде 3 текше шақырым су тұрақты құйылуы тиісін ескертеді. Қазір бұл көрсеткіш соның жартысына әрең жетіп тұр.

Әйткенмен, жақсы үрдіс те бар: былтырғы жылы қырғыздың Токтағұл су қоймасы мелдектей толуы арқасында Сырдарияға да кәусар әдеттегіден көп құйылды. Нәтижесінде, өткен жылы Сырдария өзенімен Қазақстанға 13,4 текше шақырым су келді. Соның 2 текше шақырымы Солтүстік Арал теңізіне бағытталды.

Сарапшылар Арал акваториясының көлемі кейінгі 12 жылда 27 миллиардтан 18 миллиард текше метрге дейін құлдырады деп жүр. Ал 2023 жылы көбірек су берілуі арқылы

бүгінде қазақстандық Солтүстік Арал теңізі 20 текше шақырымға дейін артып отыр.

Бұл тек басы ғана болса керек.

Бастапқы кезеңі үшін Дүниежүзілік банк грант есебінде Қазақстанға 1,5 миллион доллар қаражат аударды. Бұған Аралда екінші бөгетті салудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді.

Сондай-ақ Аралға қосымша 7 текше шақырым су жеткізу үшін қосымша ирригациялық жүйелер құру мәселесі қарастырылды.

Бұл ретте жобалық-сметалық құжаттамасы мемлекеттік құрылыс сараптамасынан өтіп жатыр. Министрдің мәліметінше, құжаттар мемлекеттік құрылыс сараптамасынан, экологиялық және басқа да сараптамадан өткеннен кейін Дүниежүзілік банк жобаның өзін қаржыландыруға кіріседі.

Қазақстанның жаңа Үкіметінен халықаралық алып жобаның барлық құжатын, сарапта-маларын сақадай сай ету ісін биыл бітіру талап етіледі. Сонда келесі 2025 жылдан бастап жобаның екінші, басты кезеңіне кіріседі.

Су ресурстары министрінің сендіруінше, жаңа дамба бой көтергеннен кейін Солтүстік Аралға кем дегенде 27 текше шақырым су жиналмақ.

ХАҚҚ директорының орынбасары Зәуреш Әлімбетова осы халықаралық ұйымға төрағалығы тұсында Қазақстанның жүзеге асыратын негізгі жобасы — Дүниежүзілік банктің «Солтүстік Арал теңізін дамыту және қалпына келтіру» жобасы болатынын нықтады. Жобаның ақырғы мақсаты — Арал табанындағы Сарышығанақ тұсында жаңа бөгет салып, аталған шығанақты суға толтыру, сол арқылы теңізді Арал қаласына дейін келтіру болмақ.

ӨСІМДІК ТЕ АРАЛҒА КӨМЕККЕ КЕЛДІ

Қазақстан осы үш жылда Арал теңізінде балық өсіруді және аулауды, егін шаруашылығын, мал шаруашылығын, құс шаруашылығын және басқасын дамытатын жобаларды іске асырмақ.

Аралды бұрынғы алып күйінде қайта «тірілту» қиын. Теңіз табанының енді ешқашан су жетпеуі мүмкін бөліктерінде тұзды шанның ұшуын тоқтату үшін сексеуіл егу жұмыстары жалғасады.

2023 жылы Қазақстан ғалымдары Арал теңізінің түбін тесіп, бұрғылап, тұщы су тапты. Ол жерде «Шұрат-Оазис» аталған, 500 гектарды алып жатқан биоәруландылық жөніндегі демонстрациялық учаске құрылды. ЮНЕСКО-ның ресми сайтындағы мәліметке жүгінсек, Жаһандық экологиялық қор қаржыландырып отырған бұл жобаның мақсаты — Арал өңірі жерлерінің деградациялануымен және шөлге айналуымен күресу, сондай-ақ сексеуіл мен тамариск бұталы ағаштарын егу арқылы ол өңірді биологиялық әруланды экожүйеге айналдыру.

ЮНЕСКО дерегінше, әзірге 2 жылға есептеліп отырған «Оазис» жобасы аясында Арал қаласынан оңтүстік-батысқа және шығысқа қарай қолдан жасалған жасыл белдеулер мен ландшафтылы, қорғалатын шұрат-жазиралар қалыптастырылады. Тарата айтсақ, бұл жоба аясында 4 гектар аумақта орман өсімдіктерінің тәлімбағы, әрқайсысының ауданы 400 шаршы метр болатын 3 жасанды ландшафтылы шұрат-оазис, олардың айналасында 1 гектарлық буферлік аймақтар және басқасы пайда болады.

Өсімдіктер желмен дән шашу арқылы ары қарай өздігінен, табиғи жолмен тарала береді деген тұжырым бар. Мұның бәрі ондағы

микроклиматтың, Арал қаласының өңіріндегі санитарлық-гигиеналық жағдайдың жақсаруына әкелуі тиіс. Жалпы

алғанда,

Аралдың кепкен табанына 2022 жылы 60 мыңнан астам, ал 2023 жылы — 110 мыңнан астам сексеуіл көшеті егіліпті.

Бұрын көшет отырғызу үшін суды қиянға «водовозбен» тасуға тура келетін. Ұңғымадан тұщы су шыққалы сексеуілдің егіс алаңдарын арттыруға, сонымен қатар басқа да суккулентті (су қорын сақтайтын арнайы тіндері бар) өсімдіктерді өсіруге кең өріс ашылды.

Мамандар құдықтар, ұңғымалар көбірек қазылып, арналарға құйылып тұрса, ол жақта жабайы аңдар қаптайтынын болжады. Президенттің тапсырмасымен 2021–2025 жылдары Аралда 1,1 миллион гектар жерге сексеуіл егу жоспарланған. Бұл өсімдіктер де «Аралдың құтқарушысына» айналғалы тұр.



КӨШМЕЛІ

AIQYN-НЫҢ

КӨРМЕТІНІ

ЖОҚ

— «Айқын» өртеніп жатыр!
— Біреу әдейі өртеген сияқты!
— Қой, мүмкін емес, редакция-
ны өртеп не болыпты!
— Бәрі мүмкін ғой, «Айқын»
өткір жазады. Шындық кімге ұна-
сын...

...Төле би көшесінің бойын-
дағы «Айқын», «Литер» редакция-
сы орналасқан ғимарат отқа ора-
нып жатқанын көріп, лезде жина-
ла қалған жұрт гу-гу. Газет тіл-
шілері лезде далаға шығарылды.
Журналист деген қызық халық
қой, кейде көптен бері жинаған
дерекі оқыс оқиғадан жойылып
кету қаупі туғанда басын бәске
тігіп, қатерге қарамай отқа, суға
түсетін кезі болады. Әріптестердің
кейбірі өрт қатты қарқын алмай
тұрғанда ғимаратқа қайта жүгіре
еніп, компьютердегі материалда-
рын аман алып қалуға жанталаса
ұмтылды. Соның бірі — жауапты
хатшы Мақсат Ясылбай. Жұрт
жандалбасалап далаға қашып жат-
са, ол отқа оранған ғимаратқа еніп,
«Айқынның» материал қоры
сақталған дискілерін алып шықты.

Қойсын ба, сәлден соң өрт 3-4
қабатты ғимаратты толық шар-
пып, редакцияның бүкіл компью-
тері, басқа да техникалары, тіпті
отыратын үстелі мен орын-
дықтарына дейін дым қалмай
жанып кетті. Қаланы басына кө-
теріп бірнеше өрт сөндіруші ма-
шина келгенімен қабырғалары
қытайдың тез жанғыш пластмасса
материалдарынан жасалған ғима-
ратқа жайылған от кепкен камыс-
тай лезде қаулап, сөндіруге дес
бермеді. Сол кездегі өлшеммен
еліміздегі ең озық әрі заманауи
техникамен камтылған редакция-
ның сәулетті ғимараты отқа ора-
нып жатқанына ішіміз күйіп біз
тұрмыз. «Қырды», «жойды», «өр-
тенді» деген жаңалықтарды жақсы
көретін сол кезде атағы жер жар-
рып тұрған «КТК» телеарнасы
көшпелі түсіру техникасы орна-
ласқан үлкен машинаны (ПТС)
әкеліп қойып, бір сағат тікелей
эфирден хабар таратты. Елімізде-
гі аты дүркіреп тұрған редакция-
ның ойламаған жерден отқа ора-
нуы шынында да сенсация еді
олар үшін. Сөйтіп, бір сағатқа
жетпей екі редакцияның жүзге
жуық журналист далада қалдық.

Қабырғалары қаңқайып, ғимара-
тымыз жарамсыз қалыпқа түсті.
Осы өртке қатысты кейін бәрі
ішек тарта таңғалыспен айтып
жүретін бір ғажап оқиға болды.
Дініміз қайта оралып, жұрт иман-

дылыққа бет бұрған кезеңде «Ай-
қынның» Нағым бастап, мен
қоштап, Төреғали, Ермахан,
Айгүл, Роза, жалпы барлығы 14-15
адамы бір бөлмені намазхана жа-
сап, сол жерде намаз оқитынбыз.
Таңқаларлығы, үш қабатты ғима-
рат түгел жанып кеткен өртте әлгі
намазханамызға ештеңе болмап-
ты. Ішіндегі жайнамаздарымыз
бен Құранымыз, тіпті қабырғаға
ілінген Қағбаның суреті де сол
қалпы...

Өрттің ресми себебін электр
тоғының түйықталуынан шыққан
оттан деп айтқанымен, «тым
шыншыл басылымның аузын
жабу мақсатындағы қастандық
болуы да мүмкін ғой...» деген ой
көптің көкейінде қалып қойды...

... Бірақ айқындықтарды өрт
те тоқтата алмады. Іскер басшы,
мықты менеджер Ерлан Бекхо-
жин жұмысты ертесі-ақ қайтадан
жолға қойды. Ғимарат алдына
палаткадан қос тігіп, компьютер-
лер әкеліп, жұмысты қайта басы-
нан бастадық...

Әңгімені өрттен бастаған себе-
бім де айқындықтардың рухы
мықты екенін атап өту еді. Айқын-
дықтарды өрт те, су да, басқа да
тоқтата алмайды. Өйткені онда
сынға сынбайтын ұлттық рух бар.
Ол рухты сол кездегі газеттің бас
редакторы Серік Жанболат,
Нұртөре Жүсіп, Бауыржан Ома-
ровтар басылымға бүкіл жан-дү-
ниесін, ақыл-ойын салған ұлтжан-
ды әріптестерім екен болатын.

Жалпы, айқындықтардың
көрген құқайы бұл ғана емес-ті.
Олар бұған дейін де «аттың жа-
лында, түйенің қомында» деген-
дей кез келген дала жағдайында
жұмыс істеуге әдеттеніп те алған
болатын. Олай дейтінім, айқын-
дықтар Алматыдан Астанаға көш
басын бұрғанға дейін бес рет
көшкен нағыз көшпенділер еді.
Компьютерлерін көтеріп алып,
бір ғимараттан екіншісіне көшуге,

сол жерде жүк түсірілмей жатып
бұрыш-бұрышқа отыра қалып
мақалаларын жазып, оны қаттап,
газеттің келесі санын үзіліссіз шы-
ғара беруге үйренген. Әрқайсысы
өзіне кабинет сұрап, комфортты
жағдай талап етіп отырмайтын.
Киім ілетін, қағаз қоятын шкаф-
тармен бөліп, «кабинет» жасап
алып, бұрқыратып жаза беретін.
Ең басты мақсат — ел қамын,
халық мұқтажын жұрт назарына
жеткізу, биліктің назарын аудар-
ту. Бұл — нағыз журналистерге тән
табандылық, төзім мен сабыр,
барға қанағатшылдық, шын мән-
ніндегі ұлтжандылық, патриоттық
деп ойлаймын.

Сонымен көпшіліктің кө-
зайымына айналған «Айқын»
редакциясы қалай құрылып еді?
Сәл шегініс жасап, әңгімені «Ай-
қын» әлі санада бар, санатта жоқ
кезінен бастайын.

басқа жасалаштықтар газеттің
сауатты әрі кәсіби деңгейде
шығуына біреулері алғашқы
күннен, енді біреулері кейін
қосылып, үлкен үлес қосты.
«Айқынның» тамырында «Жас
Алаштың» рухты «қаны» бар дей-
тінім де сондықтан. Жалпы, олар-
дан бөлек Серік Жанболат аты
мәшһүр журналистер Мұратқали
Дүйсебаев, Мақсат Ясылбай,
Жұмабек Жәнділдин, Төреғали
Төшенов, Жексен Алпаров, Жо-
март Молдахметұлы, Алма Мұха-
меджанова, Қайыржан Төрежан,
Қуанышбек Қари, Сейсен Әмір-
бек, Ләззат Билан, Нұрғазы Саса-
ев, Ғалым Сүлеймен, Телжан
Күдеров, Құбаш Меңдіғалиев,
Қаншайым Байдәулет, Мақпал
Қаратаева, Айжан Көшкенова,
Камшат Тасболат, корректорлар
Әйкен, Бағдат апайлар мен Айгүл
Нөкербекова, Ләйла Серікқызы,
бет қаттаушы Елдар Қаба, Талғат
Кіршібаев, Зәуре Нұғманова,
Нұрзада, Мәлік тағы да басқа
(есімдері аталмай қалған әріп-
тестер ренжімес) бірқатар қыз-

Газеттез танымал болғанымен,
заманға лайықты басылым шы-
ғару мақсатындағы ізденісті тоқ-
татқан жоқпыз. Тіпті, кейінірек
Мәскеуден арнайы программист
маман шақырып, газетті макет-
теудің, безендірудің жаңа қыр-
ларын меңгердік. «Айқынның»
форматын өзгертіп, 24-32 бет етіп
шығарған кезіміз де болды.

«Айқын» газетінің оқылымы
да, жазылу да орысша баламасы
«Литерден» көп жоғары еді.
Әуелде әлдекімдерде «Литер»
жетекші рөл атқарып, «Айқын»
онда шыққан материалдарды
аударып басып отырғаны дұрыс
деген көзқарас та болды. Серік
екеуіміз бұл ұстанымға түбегейлі
қарсы болдық. Жарнама болмаса,
бірде-бір материалды аударып
баспауды принцип етіп ұстандық.
Керісінше, «Литер» «Айқында»
шыққан зерттеулер мен тың
жаңалықтарды аударып жария-
лап жүрді.

«Айқын» газеті — «Караван»,
«Экспресс-К», «Начнем с пони-
дельника», «Доживем до пони-
дельника», тағы басқа газеттер
дүркіреп тұрған сол замандағы
«қазақ тіліндегі газеттер қасан,
оқылмайды» деген түсінікті жоққа
шығарған алғашқы басылым.

Жұрт іздеп оқитын басылымға
айналғандықтан, Президент әкім-
шілігінен бастап, Үкімет, Парла-
мент өз ақпараттарын, имидждік
материалдарын «Айқында» жар-
иялауға ұмтылды, басылымда
жарияланған сынға тез назар ау-
дарып, қорытынды шығарып
отыратын болды. Бұл — басылым-
ның қоғам өміріне үлкен өзгеріс
әкелгенінің айғағы болса керек.
Газет өз биігін бағындырып, елдің
саяси өмірінің де қозғаушы күші-
не айналғаны сондай, бір күні
оны «Нұр-Отан» партиясы сатып
алды...

Ақиқатын айту керек, «Ай-
қынның» аз уақытта үлкен таны-
малдыққа ие болуындағы Серік
Жанболаттың рөлі ерекше. Ол
басылымды мәнді етуде үнемі
жаңа леп қосып отырды. Әр жур-
налистпен жеке-жеке жұмыс іс-
тейтін. Саясаттағы, экономика-
дағы, әлеуметтік мәселелердегі
көзге көріне бермейтін, бірақ ел
өмірін дамытуда ерекше орны бар
мәселелерді жанаша әрі батыл,
сауатты көтерудің формасын
табудың үлгісін көрсетті.

Қоғамда орны бар, айтары
мол, өмірлік тәжірибесі орасан,
шыншыл, батыл авторларды те-
реңнен тербеп сөйлету үшін жаңа
айдар керек болды. Мен «Ақ сөй-
ле!» деген айдар ұсындым. Сол
айдармен біз еліміздегі бүкіл дуа-
лы ауыз зиялы қауымның кө-
кейінде жатқан үлкен-үлкен мә-
селені айтқызып, биліктің наза-
рын аударттық.

«Айқынның» тарихы — елдің
тарихы. Міне, сол күндерден бері
20 жыл өте шығыпты. Газетте осы
уақыт ішінде талай мықты журна-
листер қызмет етіп, сан қилы та-
қырыпқа қалам тартты. Елімізде
қанша үлкен оқиғалар, жаңа бас-
тамалар, саяси, экономикалық
үдеріс болып жатса, соны елге
жеткізуші, билік пен халықтың
арасындағы алтын көпір «Айқын»
болды.

О баста газеттің атауын ойлас-
тырғанымызда сан қилы ұсыныс
болғанымен «Айқын» деп атауды
қош көріп едік. Басылым атауы-
мен бірге оның тағдыры да қабыл
болған болуы керек, «Айқынның»
мақсат, мүддесі бүгін де айқын!

Әділбек ҚАБА,
«Айқын» газетінің негізін
салушылардың бірі

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Сәкен Сейфуллиннің туғанына биыл 130 жыл толды. Алаш азаматтарының ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің түрлі жанрдағы шығармалары мен өнімді еңбектеріне бір арнадан қарауға болмайды. Тың туындыларының барлығы өзі өмір сүрген кездің шынайы көріністерін сипаттайды. Ғұмыры Алаштың азаттық алуы жолындағы күреске толы. Бүгінгі ұрпақ жазушыны әдебиеттегі шығармалардың авторы деп қана тануы мүмкін, ал қазір біздің Алаш атын мақтанышпен айтып жүруімізге өз үлесін қосқанын әсте естен шығаруға болмайды. Осы орайда біз ұзақ ғұмырын сәкентануға арнаған ғалым, қазақтың көрнекті қайраткері Тұрсынбек Кәкішевтің жұбайы, белгілі ғалым Күләш Ахметовамен сұхбаттасқан едік.

— Биыл — Сәкен Сейфуллиннің мерейлі мерекесі, яғни 130 жылдығы. Сәкентануға өлшеусіз үлес қосқан жанның бірі — Тұрсынбек Кәкішев. Тұрсынбек аға зерттей алмаған, жалпы Сәкен Сейфуллиннің күні бүгінге дейін ашылмай қалған тұстары бар ма?

— Әрине, бар. Зерттеу деген ғылымға еш уақытта нүкте қоймайды. Оның үстіне, Сәкен Сейфуллиннің мұрасы халық ауыз әдебиетінен басталады. Оның қайраткер, жазушы, акын, публицист, тіпті қазақтың ұлы перзенті ретінде, одан бөлек композитор, қазақтың мәдениетіне сіңірген еңбегі, қазақтың мың әнін шығаруға жасаған қолғабысы, «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы ретіндегі де еңбегі ұшан-теңіз. Сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішев мұның барлығын жиып-теріп берді. Халық сәкентанушыларды Абайды зерттеушілерден кейін екінші орынға қойды. Бұл дегеніміз — сәкентанушылар Сәкенді бүге-шігесіне дейін зерттеді, қара тырнағынан бастап, шашына дейін жаксы біледі деген сөз. Тіпті, Сәкеннің сотында тергеушілердің жүргізген ісін де қарап, сол жөнінде де жазды. Соның негізінде бас-аяғы 15-ке жуық кітап шығарды. Бірақ бұл Сәкенді бүге-шігесіне дейін зерттеген Тұрсынбек Кәкішевтің негізгі ғылыми жұмысы емес, сәкентанушының өзі «бұл — менің хоббиім» деп жазып қалдырған. Соны бүкіл институт болып, ғалымдар, зерттеушілер қосақталып та, жеке де зерттеп, пікір айтып жүретін болса, Тұрсынбек Кәкішев хобби ретінде болса, зерттеуге жалғыз өзі кірісіп кетті. Әрине, сәкентануда еңбек еткен басқа да ғалымдар жоқ деп айтуға болмайды. Мысалы, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов, Сәкеннің халық комиссарлар кенесіндегі еңбегін өз алдына зерттеп, монографиясын шығарған подполковник Амантай Кәкенбар. Ол Сәкеннің құжаттарын, жұмыстарын зерттеуде зор еңбек сіңірді.

Сәкентанушылардың ішінде Тұрсынбек Кәкішевтің еңбегі ерекше. Бір Сәкен туралы кейбір кітаптар, мысалға «Сәкен сүйген сұлулар» Мұхтар Құл-Мұхамедтің өтініші бойынша жазылған. Кейін «Сәкен аялаған арулар» болып шықты. Содан кейін «Көкжиек-Горизонт» баспасы мектеп оқушыларына лайықтап шығарып жатыр. Бұл кітап үш рет шықты, кейбір кітаптары екі рет шықты. Орта Азия ғана емес, бүкіл түркі жұртына тарайтын «Жизнь замечательных людей» кітабы Сәкенге арналған тұңғыш кітабы болды. Егер Сәкен өзінің дең-

гейіндегі еңбегі болмаса, оны зерттеуші мың жерден мықты болса да, көп нәрсені ойынан қоспайтын еді. Осы күнге дейін Кәкішев зерттеулері барды бар етіп, бас-аяғын жинап шығарып берді. Бас-аяғын жинағанда, Сәкенді зерттеп қана қойған жоқ, оның бүкіл шығармаларын жинады. Мысалы, Сәкен 1957 жылы ақталды, 1964 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты оның алты томдығын шығарды. Оның 4, 5, 6-томдарын, яғни осы үш томын Тұрсекең жалғыз өзі құрастырды. Есмағанбет Ысмайылов бастаған Сәкенді зерттеу экспедициясына Тұрсынбек Кәкішев мүше болып қосылды. Содан кейін «Қызыл сұңқарлар», «Тамаша адамдар», кітабын, «Өнегелі өмір» сериясымен Сәкен Сейфуллиннің монографиясын шығарды. Тіпті, Сәкен мен Мағжанның арасындағы шығармашылық байланыстарын, олардың шығармашылық бәсекелестіктері жазылған «Сәкен-Мағжан» монографиясы шықты. Одан басқа, Сәкен өмірде үш рет үйленген кісі ғой, соның үшіншісі Гүлбаһрам Батырбекқызы жөнінде «Сәкен және Гүлбаһрам» деген кітап шықты. Сәкеннің тек қана Көкшетауға арнаған поэзияларын бөлек жинады. Сәкен жөнінде зерттеу монографиялар, «Тар жол, тайғақ кешу» кітабының тағдыры жөнінде еңбектер жазды. «Сәкен аялаған арулар» екі рет басылды.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 1964 алты томдығын шығарды дедік қой, 1980-1984 жылдары оны бес томға дейін қысқартты. Тұрсекең «Қазығұрт» баспасының бас редакторы Темірғали Көпбаев келіп, «Ертең сіз кеткеннен кейін Сәкенді сіз сияқты зерттейтін адам бола ма, болмай ма? Көзіңіз тірі кезінде Сәкен Сейфуллиннің бүкіл шығармаларын жинасаңыз, өзім көптомдығын шығарар едім» дегенде, Сәкен шығармашылығын он үш том деңгейінде құрастырып, шығарып кетті. Сондықтан Тұрсынбек Кәкішевтің бұл еңбегі сәкентануға, қазақ әдебиетіндегі ғылыми зерттеу еңбектері арқылы мәдениетке де, ғылымға да қосқан үлесі десек болады.

— Жаңа Мағжан — Сәкен қатынасы туралы айтып қалдыңыз. Ал өмірде екі тұлғаның арасындағы бәсекелестік қалай болды?

— Екеуінің арасы — бір-ақ жас. Бірінші Сәкен Омбыдағы оқытушыларды даярлайтын семинарияға түседі, артынан Мағжан барып түседі. Жалпы, Алаш азаматтарының барлығы Сәкенге құрметпен қараған. Сәкен мен Мағжан арасында ешқандай дау

болмаған. Мен айтар едім, егер біздің бүгінгі интеллигенциямыздың мәдениеті, бір-бірімен қарым-қатынасы ХХ ғасырдың басындағы Алаш азаматтарының бір-бірін қолдағандарындай жоғары болса, онда біздің қазақты іштен дау, сырттан жау алмас еді. Бізге бүгін жетпейтіні — интеллигенция мәдениеті. Омбы семинариясында оқыған Мағжан ол кезде өлендері жинақ боп шыққан, акын болып қалыптасқан, ал Сәкеннің біршама жасы үлкен, ол да акын болып танылған кезі. Бұлардың арасында айырмашылық көрініп тұрды. Сол кезде Міржакып Дулатов үйленеді де, Омбыда тойын жасайды. Тойына Сәкенді де, Мағжанды да шақырады. Сол тойды екеуі бірге тойлайды. Бірақ осы тойда Міржакыптың балдызы Гүлшаһра оған дейін Мағжанмен достасып жүрген, Сәкенге көзі түседі. Бұл қыздардың, жастардың арасында қай кезде де болатын оқиға ғой. Оның үстіне, Сәкенмен достасып жүріп, ол ұйымдастырған, кішігірім ойын-сауық құратын ұйымына Гүлшаһра келіп, қатысып жүреді. Ал бұл Мағжанға ұнай ма? Ұнамайды. Мағжанның реніші осыдан басталған шығар. Енді шығармашылық бәсекеде деп айтатын себебіміз, мысалы «Көкшетау» поэмасын Мағжан да, Сәкен де жазды. Сәкендікі де классика, Мағжанның «Көкшетауы» да классика. Міне, екі тұлғаның арасындағы шығармашылық бәсекелестік кейінгі ұрпаққа дау болып қалмасын деген ниетпен Тұрсынбек Кәкішев үлкен монографиялық еңбек жазып кетті.

1936 жылы Мағжан «Алматыға барып, жазушылардың ортасында, акын-жазушылардың арасында болсам» деп, сол кездегі Жазушылар одағының төрағасы Сәбит Мұқановқа хат жазады. Сәбит Мұқанов таңғы сағат төртте бірінші Алматыға келетін пойыздан Мағжан мен Зылиханы күтіп алады. Сонда Мағжанның Сәбит Мұқановқа амандық-саулықтан кейін бірінші айтқан сөзі: «Сәбит, Сәкеннің жолы оң болды, менің жолым теріс болды. Мен бірінші сәлемімді Сәкенге барып берейін» дейді. Араларында бет көріспестей, бітіспес дау болатын болса, «Сәлем берейін» дей ме? Сәбит бірден вокзалда тұрып, Сәкенге телефон соғады. Сәкен сөзге келместен «үйге алып кел» дейді. Карл Маркс көшесінде үйі болған. Сонда Сәкен Гүлбаһрамға «Маған келе жатыр, сыйлы қонақ келе жатыр, қазан көтер»

Күләш АХМЕТОВА,
филология ғылымдарының докторы:

«Тар жол, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ



деп айтады. Сол сөйлескеннен бастап, әдемі киініп, галстугын тағынып, Мағжан есіктен кіргенше, ерсілі-қарсылы жүріп, тыным таппай кетіпті. Әйел адам эмоциямен тез жылайды, ал ер азаматтардың көзінен қай кезде жас шығады? Яғни, көңілдерінде қимастық болғанда, бірін-бірі түсінгенде, жаксы көргенде, сағынғанда шығады. Соны Гүлбаһрам апай Тұрсынбекке берген әңгімесінде айтады. «Екеуінің де иығы қозғалып, көңілдері босап тұрды. Екеуі біразға дейін құшақтасып, көрісті» дейді. Сол күні Сәкеннің үйінде қонады, әңгімелеседі, ертеніне Сәбит Мұқанов пен Әбділда Тәжібаевтың үйінде қонақ болады. Сол кезде Алаш азаматтарының төрт көзі түгел, Алматының басында. Бірінші күні Мағжан «Сәкенге барайын» деді, қалған күндерінде оған Алаш азаматтары үйінде бір шай беруге жараған жоқ.

Мұхтар Әуезов бірде Мағжанмен көшеде кездесіп қалған кезінде «Мынаны талғажау қыла тұрыңыз» деп кішкене ақша береді. Бұл наурыз айы екен. Ал Мағжан желтоқсанда ұсталды. Соған дейін тоғыз ай Алматыда тұрды, осы үш үйден басқа оны ешкім қонаққа шақырмаған. Осындай азаматтардың арасында дау болды деген факт қайда?

Оның үстіне, Сәкен қыркүйекте ұсталды.

Сәкен өз бөлмесінен Мағжанды ертіп алып, Мирзоянға барған кезде, Мирзоян оны жаксы қарсы алады. Мағжанға көмектесу қажет екенін, қазақ әдебиетіндегі айтулы тұлға екенін, қазақ әдебиетін өрге сүйрейтін ақындардың бірі екенін түсіндіргеннен кейін Мирзоян «қалай көмектесеміз?» дейді. Сонда Сәкен: «Әзірге пәтер мен қаржы жағы. Бірінші қаржы мәселесін шешейік. Орыс тілінен қазақшаға аударма еңбектер берейік. Сол еңбектің қаламақысын алдын ала алып беруге көмек жасасаңыз» дейді. Сол кезде «Литфондтың» бастығы Жаманқұловқа Мирзоян да, Сәбит Мұқанов та айтты. «Бірақ түрмеден келгені бар, халық жауы деген аты бар» деп, Мағжанға қаламақысын алдын ала бергісі келмеген. Ал Сәкен сонда дауласып тұрып, қолын қойдырып, қаламақысын алып берген. Ал енді осыдан кейін екеуінің араларында дау болды деп айтуға бола ма? Мағжанның қайраткерлігіне қарағанда, Сәкеннің қайраткерлігі әлдеқайда жоғары. Мағжан шын мәніндегі акын, талантты акын, ол шеңеунік бола алмайды. Мағжан 1988 жылы ақталды, содан бері 36 жыл өтті. Осы жыл ішінде мағжантанушылар бірінің айтқанын

ТАЙҒАҚ КЕШУ» — ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

бірі қайталаумен, «Мағжанды атқан кім?», «Ұстаған кім?» деген желсөздің төңірегінен шықпай келе жатыр. Әйтпесе, ендігі Мағжанның 35 жыл ішінде әлемдік аренаға шығатын кезі еді.

— Сәкен Сейфуллиннің жанында серіктері көп болған. Олардың арасында қуғын-сүргіннен аман қалғандары бар ма?

— Аман қалғандары болған. Сәкеннің алпыс жылдық, жетпіс, сексен жылдық мерейтойларында олар қатысты. Қаскей Өтеген деген жан жолдасы болған. Тұрсын-

— Сақталған. Ол біздің Ұлттық кітапханада да бар. Кітап алғаш рет араб әрпімен 1927 жылы Қызылордада Ахмет Байтұрсынұлының шифрымен жарыққа шыққан. Онда Сәкен Алаш азаматтарының барлығын достары ретінде суреттерін береді. Өзі Ахмет Байтұрсынұлының қасында отырған. Бірінші шыққан басылым мен соңғы 1936 жылы шыққан басылымдардың арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Көркем шығармадағы тарихи шындық деген тақырыпта 1995

азаматтары туралы айтылады. Оның үстіне, Шафиро мен Брайниннің «Алашорда» деген жинағында сол фактілердің барлығы Сәкен «Тар жол, тайғақ кешу» романында қалай айтса, сол күйінде сақталған, бас-аяғы жиналған құжат болды. Сондықтан бұл роман — XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының іс-әрекеті, көзқарастары жөнінде жазылған қазақтың тұңғыш энциклопедиясы.

— Тұрсынбек аға «Мені Сәкен рухына жетелеген — Гүлбаһрам»



бек Кәкішев айтатын: «Қаскей Сәкеннің жігітшілігін де жақсы білетін. Бірақ соңына дейін ашып айтқан жоқ». Кондратьев деген досы болған, Анненковтың вагонында бірге болған, бірге түрмеде қиындық көрген, кейін Сәкеннің алпыс жылдығы тұсында белсене кірісіп, оның кім екенін, қандай азамат екенін жетер жеріне дейін айтып, жеке пікірін білдіріп жүрген. Ал Сәкеннің дос таңдауы өте қызық болатын деген сөз бар. Бір етікші еврей досы болыпты. Бойы өте қысқа. Сол досымен Қызылорданың астана болған тұсында, сол қалада кешке жиі серуенге шыққанды жақсы көріпті. Етікшімен достығына өзінің жолдастары да таңғалыпты. Әдемі, сырбаз, сұлу Сәкен өзінің белінен келетін етікшімен өңгіме-дүкен құрып, күліп, рахаттанып, бірге серуендейді екен.

— Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы — әлі күнге дейін маңызын жоймаған, тарихи құнды деректердің бірі. Осы романның алғашқы түпнұсқасы сақталған ба?

Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» Мұстафа Шоқай, Алаш азаматтары туралы айтылады. Оның үстіне, Шафиро мен Брайниннің «Алашорда» деген жинағында сол фактілердің барлығы Сәкен «Тар жол, тайғақ кешу» романында қалай айтса, сол күйінде сақталған, бас-аяғы жиналған құжат болды.

жылы кандидаттық диссертация қорғадым. Айтайын дегенім, «Тар жол, тайғақ кешу» айтылатын Алаш азаматына қатысты тарихи фактілердің барлығын Сәкен «Қазақ» газеті мен «Сарыарқадан» алып отырған. Әрқайсысының уақытын, газеттің қай санынан алынғанын көрсетеді. Қазіргі «Тар жол, тайғақ кешуді» ең бірінші Сталинге домалақ арыз есебінде жазды дегеннің бәрі қиял. Мені өкіндіретіні — осындай өтірік, қате пікірлердің зерттеуші, ғалымдардың аузынан шығатыны. Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» Мұстафа Шоқай, Алаш

деп жазады. Гүлбаһрам апай халық жауының әйелі деп сотталып, АЛЖИР-де болды. Ғалым өз еңбектерінде Гүлбаһрам апай жайлы мәліметтер берді ме?

— Гүлбаһрам еш уақытта бірінші орынға өзін қоймаған, Сәкенді қойған. Сәкен үшін өмір сүрген. 1937 жылы қыркүйекте ұсталған Сәкенді 1957 жылы ақталғанға дейін 20 жыл бойы Мәскеудің сотына жүгініп, ақталуы үшін жүгірді. Сондықтан да өзінің АЛЖИР-дегі қиындықтарын жазбаған, оны баяндамаған, сұраған жағдайда да көрген қиыншылықтарын қиналып айтқан

емес. Және «Сәкен үшін осындай қиындықтарды көрдім» деп өкінген де емес. Гүлбаһрам апайды көзбен көргендер оны мінезді болатын деп айтқан екен. Сол мінезімен Сәкенді бірінші орынға шығарғандықтан, өзі туралы көп айта бермеген.

— Сәкен Сейфуллиннің бүкіл шығармаларының библиографиялық көрсеткіші жасалды ма? Оны НКВД ұстап алып кеткеннен кейін, Гүлбаһрам апай шығармаларын қайтарып алған ба?

— Сәкенге халық жауы жала-сы жабылғаннан кейін Гүлбаһрамды да түрмеге алып кеткен. Соның алдында Сәкеннің киімін, қаламын, тіпті өтіріне дейін алып, оларды қайнысы Мәжіттің үйіне қалдырып кеткен. Ал НКВД келіп, үйіне тінту жасап алып кеткен заттардың бір де бірі Гүлбаһрам апайға қайтарылмаған. Ең өкініштісі, Сәкеннің қолжазбалары, төрт альбом суреті кеткен, олардан басқа Сәкеннің жазған, жарық көрген, өзі пайдаланған, өзі оқыған кітаптарының барлығын алып кеткен. Оны Тұрсынбек Кәкішев іздеп барып, НКВД-дан (кейінгі МКК) сұраған. Бірақ бір қызметкердің айтқаны нақты жауап емес шығар: «Өзін аямағанда артынан қалған заттарын аяды деп ойлайсыз ба, ағасы?» деп жауап беріпті. Бірақ Тұрсекең ол сөзге сенген жоқ. Өмірден өткенге дейін Сәкеннің сол НКВД алған заттары, әсіресе қолжазбалары қайтарылса ғой деген мәселелерге алаңдап кетті.

— Кейінгі кезде Алаш зерттеушілері Сәкенді «қызыл коммунист» деп көзқарасын айыптап жатыр. Қазақ азаматтарын ақ пен қызылға бөлгеніміз дұрыс па?

— Біріншіден, Сәкен қай кезде бөлінді, революцияны, Кеңес үкіметін жақтады, соларды қоштады дегенге тоқталу керек. 1916 жылы Ресейдің мал санағы кезінде Сәкеннің қасына бір татар, қазақ жігітін қосып, елдің ортасына жібереді. Ел ортасында жүрген Сәкендер 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті естімейді. Елдің ортасындағы ауылдарда Ресейдің қара жұмысқа 19-23 жас аралығындағы солдаттарды тарту деген бұйрығына дүрлігіп жатқан халық Сәкендерден көмек сұрайды. Сондағы көмегі ауыл байларының тізімін құрудағы әділетсіздігі, пара беріп, 19 жасқа толмаған балаларды тізімге қосып, өз балаларын алып қалу еді. Осындай дау шыққан кезде Сәкен Ақмолада отырған қазақ ұйымдарына, Алаш азаматтарына осы дауды айтып, оның әділетсіздікпен шешіліп жатқаны туралы телеграмма жіберіп, көмек сұрайды. Оған Алаш азаматтары «Тізімді жасап жатқан — өзіміз сайлаған елдегі жауапты кісілер. Сондықтан олар жасаған тізімге сенеміз» деп жауап береді. Қазір біздің Алаш деп мақтанып айтып жүруімізге бірден-бір себеп болған — Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының жазылуы. Сәкен бұл романды 1920 жылдардан бастап жаза бастады. 1922-1924 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналында романның үзінділері

жарияланды. Бұл XX ғасырдың басындағы тарихи фактілер ұрпаққа жетсін деген мақсатта роман-эссе болып жарияланған кезге дейін Алаш деген сөз шыққан болатын. Ал Алаш азаматтарының жиналысы 1917 жылы шілдеде болды, ал бағдарламасы қараша айында «Қазақ» газетіне жарияланды. Сонда съездің программасы қайда? Алаштанушыларға Алаштың бірінші съезіне байланысты қоятын сұрағым да бар. Бірінші басылымда Алаш партиясының съезі демейді, «жалпықазақ жиналысы» дейді. Яғни, Сәкенге «Тар жол, тайғақ кешу» романын жазғаны үшін рахмет айту керек.

Сәкеннің Сталинге оқу мәселесі жөнінде хат жазғаны бар, ол хат сақталған. Мәскеуде де, Президент архивінде де бар, бірақ оны кейін кеңестік жүйе кезінде кейбіреулер өзгертіп, Алаш азаматтары ақталған кездегі жағдаймен тамсансып жазған қалпымен әлі отыр. Оны ары қарай зерттеп отырған жоқ. Жакында бір тарихшы-ғалым Сәкеннің архивін үш адам қарапты деп айтқан. Олар — Тұрсынбек Кәкішев, подполковник Амантай Кәкен, үшіншісі — зерттеуші. Сол зерттеуші Сәкеннің сотталу ісін, тергеуші ісін қарадым деп неге айтпайды? Яғни, Сәкеннің адалдығынан, одан ешқандай мін таппағандықтан айтпады.

— Тұрсынбек Кәкішевтің Сәкенді зерттеуде өкініші болды ма? Мүмкін, ғалымның бүгінге дейін қолы жетпей қалған құжаттары да болған шығар.

— Қолы жетпей қалған құжаты болған жоқ. Ол кісі Сәкеннің барлық құжаттарын шығарды, тек Сәкеннің үйіне жасаған тінту кезінде алып кеткен қолжазбаларын, альбомын, одан бөлек Сәкенге берілген қолжазбалар да бар, соларды қайтара алмағанына өкініші болды.

Тұрсынбек Кәкішев 13 томдықты шығаратын кезде бір шәкірті сұрапты: «Қайда бара жатырсыз, ағай?» деп. Сонда Тұрсекең: «Жалқау ұрпаққа дайындап кету мақсатында баспаға бара жатырмын» деген екен. Ол кісінің еңбегі еш кеткен жоқ. Ләйлә Мұхтарқызы: «Тұрсынбек, әкемнің шәкіртіміз дейтіндер көп, бірақ солардың бір де бірі сенің Сәкенге сіңірген еңбегіндей еңбекті жасай алған жоқ», — деп көңілі толмағанын айтқан. Тұрсекең мен Сәкеннің мінездері, қайсарлығы, шыншылдығы, адалдығы ұқсас болатын. Егер Сәкеннің бойында Алаш азаматтарын ұстап беретін, айыптайтын қасиеті болса, Тұрсекең оның себептерін келтіре отырып, ашып айтатын еді. Жалпы, XX ғасырдың басында «қазақ балалары бірін-бірі ұстатты» дегенге сенбеймін. Себебі олар өте білімді, намысшыл, оның үстіне бірін-бірі өкпеге қиса да, өлімге қимаған жандар болды.

— Әңгімеңізге көп рахмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕНДЕР ӘУРЕ ЕТЕДІ



Қымбатшылық қыспаққа алған бүгінгі қоғамда күнделікті тұтынатын тауарларды халыққа қолайлы бағада ұстап тұру маңызды. Соған орай Сыр өңірінде азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға бетбұрыс жасалып, әлеуметтік дүкендер жұмыс істеп келеді. Алайда халықты арзан бағада азық-түлік өнімдерінен қамтамасыз етуге негізделген арнайы дүкендер желісі көптің талабына сай келе ме?

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі №56 қаулысымен «Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» қаулы қабылданған. Онда әлеуметтік маңызы зор 19 азық-түлік өнімінің бағасы арнайы бақылауда болатыны көрсетілген. Соған орай Қызылорда облысы бойынша азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге негізделген әлеуметтік дүкендер қызметін қалыптастыру міндеттелді. Содан бері халықты арзан өніммен қамтамасыз ететін «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының атқарған жұмысы аз емес. Бұл жайында арнайы брифинг ұйымдастырып, жан-жақты түсіндірді.

«Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2023 жылға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін облыстық бюджеттен 1 млрд 139 млн 900 теңге қаржы қаралды. Оның ішінде тұрақтандыру қорының тауарын сатып алу үшін 901 млн теңге, ал кәсіпкерлік субъектілер үшін 238 млн теңге бөлінді. Бүгінде тұрақтандыру қорында 755 млн теңгенің тауары — 373 тонна өнім бар. Оның ішінде 24 тонна — қырыққабат, 48,5 тонна — картоп, 49,6 тонна — қарақұмық, 535 тонна — пияз, 7,4 тонна — макарон, 302 тонна — тауық еті, 151 тонна — өсімдік майы, 1 193 тонна — кант, 197 тонна — сәбіз, 638 тонна — күріш, 14,5 тонна түз өнімі секілді азық-түлік қоры сақталып тұр. Бұған қоса, жеткізушінің қолында 1 млрд 67 млн теңге болатын 7 241 тонна өнім бар. Тұрақтандыру қорын 2023 жылғы күзгі көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуде пилоттық жоба негізінде жергілікті өндірушілермен форвардтық келісім-шарттар жүргізіп келеді. Өнімдерді халыққа 37 әлеуметтік дүкендер бойынша қамтамасыз ету көзделген. Бұған қоса, Қызылорда қаласында 13 әлеуметтік бұрыш жұмыс істейді», — деп мәлімдеді «Байқоңыр» ӘҚК АҚ Тұрақтандыру қорының жұмысы жөнінде басқарма басшысы Мейрамбек Серікбай.

Қызылорда қаласы бойынша 37 әлеуметтік дүкендер арқылы халыққа 19 азық-түлік өнімі қолжетімді. Дейтұрғанмен, халық оның барлығы дерлік талап-

қа сай жұмыс істеймейтінін айтуда. Мәселен, Қызылорда қаласы аумағындағы 4 әлеуметтік дүкеннің көптен бері жұмыс істемей тұрғаны көпшіліктің наразылығын туғызып тұр. Кей дүкенде міндеттелген 19 азық-түлік өнімі толық бола бермейді.

«Тұрақтандыру қорының 5 220 тонналық екі қоймасы жұмыс істейді. Күнделікті сұранысқа сай әлеуметтік дүкендерге өнімдер таратылып жатыр. Жұмысшы күші жеткілікті. Арнайы көліктер де бар. Одан бөлек, жеке дүкендері бар кәсіпкерлер келісімшартқа отырып, бүгінде жеке дүкендер жанынан 14 әлеуметтік бұрыштар ашылып, жұмыс істейді.



істеуде. Қазір қала аумағында 4 әлеуметтік дүкен — Тасбөгет кенті, Талсуат ауылы, Сабалақ саяжайы мен Салық басқармасы шағын ауданындағы сауда орны жұмыс істемей тұр. Себебі кәсіпкерлер дүкен жұмысын жүйелі жүргізе алмай, өзімізге қайтарып беруге өтініш жазды. Қазір қабылдап алу жұмысы жүріп жатыр. Бұл дүкендер қайта ашылады. Кей әлеуметтік дүкендерде азық-түлік өнімінің жетіспеушілігі де бар. Мұнда да кәсіпкерлер жеткізіп берген өнімнің ақысын уақытылы есептеспей, қарызға батып отыр. Қарызы бар осындай 9 дүкендегі кәсіпкерге өнім түрін жеткізуге шектеу қойып тұрмыз. Алдағы уақытта кәсіпкерлерге түсіндірме жұмысын жүргізіп, мәселені шешеміз», — деп түсіндірді Мейрамбек Кенесұлы.

Облысқа қарасты аудандар да назардан тыс қалмауы тиіс. Осы мақсатта аудан орталықтарындағы ахуалды бағамдап көрдік. Арал, Қазалы аудандарындағы жағдай көңіл көншітпейді. Қос ауданның халқы әлеуметтік дүкенге мұқтаждық басым екенін айтады. Арал өңірінің халқы әлеуметтік дүкен ашылғанын күтіп жүр. Бұған дейін тек әлеуметтік бұрыш жұмыс істеген. Қазір оның да жұмысы тоқтап

тұр. Корпорация алдағы уақытта әлеуметтік бұрыш жұмысын жандандыратынына сендірді. Бірақ 80 мыңдай халқы бар өңірге әлеуметтік дүкен керек-ақ.

Қазалы ауданындағы жағдай тіптен мәз емес. Аудан әкімдігінен мәселенің себебін түсінуге тырыстық. Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі аудан орталығында бұған дейін жұмыс істеген әлеуметтік дүкен жабылғанын айтты. Әйтсе де, халықты әлеуметтік маңызы зор азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету назардан тыс қалмайтынына сендірді. Алдағы уақытта әлеуметтік бұрыш ашу жоспары бар.

Сонымен қатар күріш шаруашылығы өркен жайған Қармақшы, Жалағаш аудандарындағы жағдай да көңіл қуантпайды. Жалағаш ауданы әкімдігі кентте жұмыс істеп тұрған жалғыз әлеуметтік бұрыш халықтың талабын өтеп тұрғанын алға тартты. Ал Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінде халықты әлеуметтік маңызы зор азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету жұмысы мүлдем жолға қойылмаған.

Қармақшы ауданы әкімінің баспасөз қызметі ұсынған түсіндірмеге сүйенсек, Жосалыда бірде-бір әлеуметтік дүкен жоқ. Алайда Байқоңыр қаласымен іргелес қоныстанған Төретам

кентінде бір әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. Бұл сол аумақ халқына аудан орталығына сабылмай, әлеуметтік маңызы зор азық-түлік өнімдерін арзан бағада алуға мүмкіндік беріп отыр. Осы арқылы аудан орталығынан шалғайда қоныстанған аталмыш кент тұрғындарының талабы орындалып тұр екен.

Корпорация былтыр бағаны тұрақтандыру мақсатында Қызылорда қаласында 27 рет жәрмеңке ұйымдастырған. Жыл басынан бері қала іргесіндегі Тасбөгет кентінде екі жәрмеңке өткізген. Әр жәрмеңкеде халыққа 10 мың тоннадай өнім ұсынылған. Мұндай қамқорлық алыс ауылдардағы жамағатқа жетпей жатқаны қынжылтады.

Жалпы, Сыр өңірінде халықты әлеуметтік маңызы зор азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, әлеуметтік дүкендердің жұмысын үйлестіруде әлі де атқарылуға тиіс шаруалар аз емес. Бұл тұрғыда қала аумағында орналасқан әлеуметтік дүкендердегі кейбір кем-кетіктер қалпына келтіріліп қана қоймай, ауылдағы ағайынның да базанысы назардан тыс қалмауға тиіс.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

• Жазылған жайдың жаңғырығы

Қытымыр қыстың соңғы айы аяқталды десек те, теріскей жұрты Қамбар ата түлігінің шетінен қырылып жатқанына қапалы. Өңірдің бірнеше ауданында даланың бәрі жылқының өлекселеріне толып бара жатқанын бұған дейін де бірнеше мәрте жазғанбыз. Солардың бірі «Жылқы қырылған жыл» мақаласынан кейін Зеренді ауданы әкімдігі малды ауылдарға барып, жағдайларын біліп, қол ұшын созғанын естіп бір марқайып қалдық.

ӘКІМДІК ҚОЛ ҰШЫН СОЗДЫ



AIQYN көтерген мәселеден кейін аудан әкімдігі қолда бар мүмкіндіктерін пайдаланып, мақалада қозғалған Зеренді ауданы Қонысбай ауылдық округіне қарасты Васильков, Абай, Қонысбай ауылдарына арнайы КамАЗ көліктері мен жанармай ұсынып, далада көтерем болып әбден жүдеп-жадап қалған жылқыларына сабан мен шөп әкелуіне көмек берген екен. Тұрғындар алғысқа толы хатын алдымен редакцияға ұсынып, қиын-қыстау кезеңде малымен ғана күнелткен ауылдағы ағайынға көмек бергеніне шынайы ризашылықтарын білдірді.

— Қонысбай ауылдық округі тұрғындарының атынан биылғы қыстың қиын-қыстау кезінде көмектерін беріп, даладағы жылқыларымызға шөп пен сабан жеткізуге көмек берген Зеренді ауданы әкімдігі мен Әсен Жақсылықовқа шынайы алғысымызды білдіреміз. Аудан әкімдігі жем-шөп жеткізуге техникалары мен жанармайын ұсынып, далада тіске басар шөп таппай жүрген жылқыларымызға түсіргеніне ауылдың әрбір қарапайым азаматы қатты дән риза болды. Биылғы қыс бәріміздің төзіміміз бен бір-бірімізге деген адамгершілік қасиеттерімізге сынақ болған сияқты. Әрдайым осындай халықтың алғысына бөлене берсін дейміз, — дейді ауыл жылқышысы Темірбек Ғалымов.

Аудан әкімдігі жеке шаруашылықтар мен мал ұстайтын

ауыл адамдарына мұндай көмек беруге арнайы қаржы қарастырылмағанын, бірақ болып жатқан қиын жағдайға байланысты қолдан келгенше көмек ұсындығандарын жеткізді.

— Әрине, биылғы қытымыр қыста болған ауа райының қолайсыздығы, әсіресе ауылдағы мал баққан жұрт үшін өте ауыр соқты. Жылқылардың көбі жүдеп-жадап кеткендіктен иелеріне қайтарылды. Мұз басқан далада тебіндей алмай жатыр. Жылқы жеке адамдардың малы болғандықтан әкімдікте оған қарастырылған арнайы бекітілген қаржы жоқ. Дегенмен ел ішіндегі күрделі жағдайға назар аударып, аудан әкімінің нұсқауымен қолдан келгенше далада жүрген жылқыларға жем-шөп тасуға КамАЗ көліктері мен жанармай ұсынылды, — делі Зеренді ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі.

AIQYN көтерген мәселеден кейін сен қозғалып, қазір түйткіл облыс әкімдігінде де қаралып, қалған жылқыларды аман алып қалу жайы, сондай-ақ ауылды аймақтардағы жайылым жайы талқыға салынып жатыр. Күн санап өңірде аштықтан қырылып жатқан жылқы мәселесі жергілікті атқарушы органдармен қатар, Үкімет пен Парламент деңгейінде қаралып, дереу арада кешенді әрекет жасалса жөн болар еді деген ойдамыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Кез келген ойын баласының ойыншықтар жиынтығынан міндетті түрде Супермен, Бэтмен, Халк, Өрмекші адам секілді қаһармандардың кішкентай үлгілерін көреміз. Бұл ойыншық қаһармандар балалардың назарын қалай жаулады? Ерекше махаббатына қалай бөленді? Бұл сұрақтарға «Комикс арқылы» деп бір ғана сөзбен жауап беруге болатын секілді. Себебі аталған қаһармандардың барлығы алғашында дүниеге комикс арқылы таралған болатын. Ал комикс дегеніміз не? Оның тарихы қай кезден бастау алады? Қазақ комикстерінің хал-ахуалы қалай? Мақаламызда осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Наурызбек САРША

КОМИКС ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Алдымен комикстердің шығу тарихына қысқаша шолу жасайық. Комикс— суретпен салынған хикая. Атауы ағылшын тілінде comic — күлкілі деген сөзден туындаған. Себебі алғашқы комикстер көңілді юморлық әңгімелер болды. Әдебиет және сурет өнерін ұштастыратын бұл өнердің сан түрлі тармағы бар. Бірі графикалық роман тәрізді болса, енді бірі, тіпті қысқа болады, оларды стрип деп атайды. Оқиғаны суретпен жеткізудің тарихы сонау ертеден басталғанын білеміз. Дархан даламыздағы петроглифтерді де сурет, кескіндермен жеткізілген оқиға желілері деп атауға болатын шығар. Ал суретпен өрілген әңгімелер XVI-XVII ғасырда Валенсия және Барселонадан бастау алған. XIX ғасырда Эпиналда халық бұл өнерді өндіріс көзі етіп алады. Сол кезде Пеллерен фабрикасында 16 ұсақ суреттермен құрастырылған 600-ге жуық хикаялар басылып шыққан екен. Осыдан кейін жеке-леген адамдар да өз бетімен суретті хикаяттар жазып, таратқан. XX ғасырда комикстің алтын дәуірі басталды. Комикс алғаш рет 1897 жылы мультфильмдерге қатысты колданылған. Алайда алғашқы суреттері бар кітаптар тек XIX ғасырда пайда болды. Бұл жанрды швейцариялық жазушы және суретші Родольф Тёпфер де өрістеткен деседі. 1837 жылы ол «Обадия Олбактың шытырман оқиғалары» деген жазуы бар ак-кара суреттерден тұратын альбом шығарып, туындылары колдан-колға өтіп танымалдылығы арта түсті. Америкалық суретші Скотт Макклауд өзінің «Комикстерді түсін» кітабында Тёпферді «заманауи комикстердің әкесі» деп атады. Ал неміс акын-әзілкері Вильгельм Буш «Макс және Мориц» шығармасын жазып, бұл туындысы өз замандастары мен халыққа үлкен әсер етті. XX ғасырда комикс көпшіліктің назарына іліге бастады. 1930 жылдары Мартин Гудмен түрлі журнал, шағын газет басумен шұғылданды. Алайда мұндай басылымдардың оқырмандары аз еді. Барлық газет-журналдарды бір ғана автор тобы дайындағанымен, олар әртүрлі брендтердің атауымен жарыққа шықты. 1939 жылы Гудмен өзі құрған бірнеше басылымды бір ортаға жинап, Timely Comics компаниясының негізін салды. Комикстің редакторы қызметін Джо Саймон атқарды. Карл Бургос пен Билл Эверт есімді суретшілер алғашқы кейіпкерлер «От адам» мен «Сүнгуір Неморы» халық назарына ұсынды. Қоғам арасында комикстер енді таралып жатқан уақытта компанияның бұл өнімі жылдам сатылып кетті. 1939 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы көптеген өндірістік салаға әсер етті. Әлемдегі жағдай ушыққан сайын халыққа үміт сыйлап, жігерлендіретін кейіпкер қажет болды.

Комикс неге көмескі?

Осылайша, Джо Саймон мен Джек Кирби біріге отырып, 1941 жылы әлемге жаңа кейіпкер — «Америка Капитанын» таныстырды. 1934 жылы құрылған DC Comics компаниясы комикс нарығын жаулап алды десек болады. Компанияның басты кейіпкерлері «Бэтмен» мен «Суперменді» халық ерекше ықыласпен қабыл алды. DC Comics қалыпты шенберден шығып, жаңа бағытқа бет алған еді. Енді комикс кейіпкерлер бірге жұмыс істеп, жамандықпен бірлесе отырып күресті. Мұны көрген Стэн Ли де «Таңғажайып төрттік» деп аталатын кейіпкерлер тобын ойлап тапты. Бұл комикстегі жаңа жанрға айналды. 1962 жыл Marvel үшін жемісті болды. Бұл уақытта комикстер бетінде «Өрмекші адам», «Дөрігер Дум», «Халк» сынды кейіпкерлер пайда болды. Ал 1963 жылы оқырмандар «Темір адаммен» танысты. 2009 жылы Marvel толығымен Disney медиахолдингінің қол астына өтті. Осы кезеңде комикс кейіпкерлері жайлы жаңа фильмдер түсіріліп, Marvel кино әлемінің алыбына айналды. Бүгінде Marvel 5 000-ға жуық комикс кейіпкерлерін дүниеге әкелген алып компания болып отыр.


КОМИКСТІ МАНГАҒА АЙНАЛДЫРҒАН ЖАПОНДАР

Американың комикстерімен бәсекелесетін бірден-бір ел болса, ол — Жапония дер едік. Себебі жапондар өзінің мангасымен комикстердің өзге галереясын жасап шығарды. Қазір манга ертедегі жапон өнерінен дамығанымен, осы қалыпқа Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін батыстық дәстүрдің әсерінен келген еді. Жапониядағы модернизация кезеңі кезінде елге батыс комикстері енгізіле бастады. Суретшілер өздерінің шетелдік әріптестерінен туындыларына композициялық ерекшелік, пропорция, түс беруге үйрене бастайды. 1902 жылы автор Ракутэна Китадзав Tagosaki to Makube no Toukyou kenbutsu әзіл-сықақ комиксі жарияланды. Америкалық комикстерге ұқсастырылып салынған бұл туынды Жапониядағы алғашқы «сериалдық» комикс атанды. 1900-1940 жылдар аралығында манга маңызды қоғамдық құбылыс болып саналмады. Оны халық жасөспірімдер арасындағы уақытша әуестенушілік ретінде қабылдады. Император Тайсё билікке келгеннен кейін, мангалар графикалық стильдерін өзгертуге талпыныс жасады, шетелдік суретшілермен тәжірибе алмастырды. Оның бір мысалы 1920 жылдары жапон суретшілері тобы АҚШ-қа сапар шеккені болды. 1947 жылы Осама Тэдзука өзінің Shin Takarajima мангасын жарыққа шығарып, бұл

манга соғыстан кейін кедейшілік зардабын шеккен Жапонияда 400 000 дана көлемінде сатылды. Мангада дыбыстық эффектілер, оқиғаның ірі планмен берілуі, қозғалыстың кадрдағы графикалық ерекшеленуі кездесті. 1952 жылы Shonen журналы заманауи аниме стилінің негізін қалаған Astro Boy мангасын шығара бастады. Оның авторы Осама Тезука өз мансабында бес жүзден астам комикстерді тудырған жан еді. Содан болар көпшілік оны «манганың атасы» деп санайды. 60-шы жылдардан бастап оған негізделген манга және аниме сериялары ішкі жанрларға тез кеңейе бастады. Сонымен қатар ұлдар (шоунен) мен қыздарға

жүрген жандар мен комикстер жазып жүрген жазушылармен байланысуға тырыстық. Былтырғы жылы ғана «Капитан Qazaqstan» атты комикс жазып шыққан «AMANAT» партиясының жанындағы Қоғамдық саясат институтының бас сарапшысы Ерлан Ахмеди өзінің бұл туындысын жарыққа шығаруды бала кезден бері армандағанын айтады. «Marvel-дің, DC-дің киносын, мультфильмдерін көріп өскендіктен болар, комикстің нобайын оқушы кезімде жасай бастадым. Заманауи Қазақстанның қаһарманы, саясаткері қандай болуы керек деп көп ойландым. Қазақ балалары тек Супермен, Бэтмен секілді өзге елдің қаһармандарына қызығып, еліктемей өз еліміздің комикс қаһармандарына еліктеп өскенін

түрінде емес, манга нұсқасы түрінде шықты. Асыға күтіп отырған халық жаппай сол кезде сол мангаға лап берді. Осылайша, анименің әр маусымында манга нұсқасы шығып, оның сатылымы сатылап өсе берді. Демек комикстерді сол төңірегінде түсірілген анимелер мен фильмдер сүйреп отыр десек болады. Біздің қазақ комиксіне де осындай жолмен қараған жөн шығар мүмкін. Комикстердің тағы бір пайдасы — біздің батырлар, ғашықтар жырларымызды, аңыздарды бүгінгі ұрпаққа жеңіл насихаттау дер едік. Себебі өздеріңіз білетіндей, батырлар жыры, аңыздар ұзын-сонар ұзақ. Тілі ауыр болып келеді. Ал бұл қазіргі жаңа заман балаларына қызықсыз болуы мүмкін. Осы ретте, біз батырлар жырын, ғашықтар жырын комикс түрінде берсек құба-құп болар еді. Бір ғана мысал «Алпамыс батыр» дегенде біздің көз алдымызға ешқандай бейне елестемейді. Себебі оқулықтарда оның бейнесі қара түспен салынған көмескі. Осы ретте, комикс арқылы батырлардың жаңа кейпін жасау қажет деп санаймын. Мифологиялық кейіпкер Зевсті барлығымыз білеміз. Барлық оқиғалар, барлық фильм мен мультфильмде



(шоджо) арналған санаттарға бөлінді. Батыс телеарналары аниме серияларын ротацияға көбірек енгізе бастады, ал манга Еуропа мен АҚШ-тың кітап сөрелерін толтырды.

Аниме дегенде Жапонияның ең атакты аниматоры Хаяо Миядзакиды атап өтпеуге болмас. Оның тың қолтанбасы анимеге деген көзқарасты түбегейлі өзгерткені сондай ол тудырған шығармалар көркем фильмдермен бір қатарға қойыла бастады. Шебердің туындылары бірнеше рет беделді марапатқа, соның ішінде Оскарға ұсынылды 1950 жылдардан бастап, манга жапон кітап баспасының үлкен саласына айналып, 2006 жылғы сауда айналымы 500 млн долларға жетті. Тіпті, әлемге таралып, әсіресе АҚШ-та, танымал болып, 2006 жылғы сатылым 175-200 млн долларға жеткен деседі.

Қазір манганы Жапонияда жасөспірімдермен қатар, ересектер де оқиды. Мәселен One Piece, «Наруто» секілді атакты туындылар саталымы бойынша Хэрри Поттер туралы кітаптардан еш кем түспейді.

ҚАЗАҚ КОМИКСІ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Америка мен Жапониядан бөлек, өзге де дамыған елдер бұл салаға ерекше көңіл бөліп, жеткіншектерді кітапқа баулудың бір құралы деп санайды. Ал біздің елде бұл сала қалай дамуда? Бұл сұрақ төңірегінде біз осы саланы зерттеп

қалаймын. Ақыры осы «Капитан Qazaqstan» дүниеге келді. Комикстің бас кейіпкері Дінмұхаммед Қасымхан күндіз әділеттілікті ту ететін саясаткер болса, түнде әділетсіздікпен күресетін супер қаһарман. Ол отбасылық құндылықтарға басымдық беріп, отансүйгіштікті, әділеттілікті ту етеді. Біз жас отандастарымызды дұрыс бағытта тәрбиелеуіміз керек», — дейді Ерлан Ахмеди.

Ал жас жазушы Досхан Жылқыбай комикстердің қоғамдағы орнына тоқталды. «Мәселен «Америка Капитаны» комиксі кезінде әлемді құтқарушы мемлекет ретінде Американың тұрғындарына ерекше серпін берген еді. Бұл ретте комикс үлкен идеологиялық құрал болды. Дегенмен комикстердің кітап ретінде дәуірі әлсірей бастаған секілді көрінеді өзіме. Бүгінде Marvel компаниясы комикстерге екінші ғұмыр сыйлап, комикс дәуірінің жаңа кезеңін тудырса, жапондардың да мангасы аниме арқылы қайта түлеп, қаһармандар әлемге экран арқылы тарап жатыр. Бір ғана мысал, «Титандар шабуылы» әуел баста манга болып жазылды. Тек жергілікті жапон халқына ғана танымал еді. Кейіннен «Титандар шабуылы» деп аталатын аниме-сериал жарыққа шығып, танымалдығы күрт артты. Енді жұртты мұның мангасы қалай жазылған екен деген сұрақ қызықтыра бастады. Көрермен қауым екінші маусымын асыға күтті. Бірақ екінші маусымы сериал

оның жалпы бейнесі біркелкі. Бізге де осындай біркелкі образ керек. Біз мифологияға бай елміз. Осы ретте, мифологиялық кейіпкерлерімізді жинақтап, комикстер сериясын тудырғанымыз жөн. Өзім жазған комикстерге келетін болсам Тұңғыш Президент қорымен бірлесіп «Ер Төстік», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сияқты аңыздар мен батырлық жыр төңірегінде 20 шақты комикс жазып шықтым. Оның барлығы Казкомикс сайтында тұр. Сонымен қатар жасанды интеллект пен қазақтың ежелгі тотемдерінен құралған «Түс көретін робот» деген комикс жазып шықтым. Оның жанры — ғылыми-мифологиялық және фантастикалық деуге болады. Бүгінгі технологияның қарыштап дамуы қайда апарды? Егер робот та адам секілді сезініп, түйсіне алса қалай болады деген сұрақтарға жауап іздеген туындым болды», — дейді жазушы.

ТҮЙІН:

Жапон мангасы «Нарутоның» пайда болуы Жапонияда жастар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын айтарлықтай азайтты деген дерек бар. Демек қалың-қалың кітаптан гөрі қазіргі жастар суретпен безендірілген мазмұны қысқа жазылған кітаптарды оқуға әуес. Бұл ретте, қазақ комиксіне де айтарлықтай мән беру қажеттілігі туындайтын сияқты.

Соңғы кездері оңтүстікте білім саласына қатысты шу ұлғайып кетті. Қаржылық мониторинг агенттігінің мектептерді жаппай тексеру барысында анықтаған деректері адам шошырлық екені бүгінде республика көлеміне белгілі болды. Түркістан облысындағы айналдырған екі аудандағы білім бөлімінің есепшілері (Бәйдібек, Мақтаарал) 1,8 млрд теңге жымқырған. Одан кейін Жетісай ауданы білім саласының есепшілері 530 миллион теңгені жоқ еткен деген күдікке ілінді.


Осылайша, облыстағы білім беру ұйымының барлық қаржыландыру саласы толықтай тексеруден өтіп жатыр. Елді шулатқан осындай деректерден соң Түркістан облысының білім мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кеңейтілген мәжілісі де өтті.

— Соңғы уақытта білім қызметкерлерінің заңбұзушылыққа баруы қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай. Білім саласы қызметкерлері қоғамдағы негізгі зиялылықты қалыптастыратын мамандар болуға тиіс еді. Алайда қоғам күткен сенім үдесінен шықпай тұр. Облыс әкімі Дархан Амангелдіұлының тапсырмасымен 2022 жылдан бері балабақ-

шаларда қаржы жымқыру, мемлекет қаржысын заңсыз иелену, мақсатсыз пайдалану, талан-таражға салу фактілерінің жолы кесілуде. Біз бұл бағытта мониторинг және тазалау жұмыстарын тоқтатпаймыз. Заң бәріне ортақ. Білім саласына бөлінген қаржыға қол салғандар заң алдында жауап береді. Осы тексеріс пен талаптан соң облыстағы білім ұйымдарын қаржыландыру жаңа бағытта дамуы тиіс, — деген-ді облыс әкімінің орынбасары Бейсен Тәжібаев.

Өңірде жүрілген аудиторлық іс-шара барысында білім мекемелерінде 2020–2023 жылдар аралығында бекітілген тарифтен артық еңбекақы есептеу және белгісіз тұлғаларға айлық жалақыларды аудару фактілері тіркелген. Атап айтқанда, Сайрам, Жетісай, Мақтаарал, Келес, Шардара, Сарыағаш, Созақ және Бәйдібек аудандық білім бөлімдеріне қарасты мекемелерде қаржыға байланысты заңбұзушылықтар анықталған. Мемлекет қазынасына айтарлықтай шығын келтірген.

Бұл қаржы жымқыруға қатысты деректер болса, өткен аптада өңірдегі білім саласы мекемелеріндегі құрылыс жайы да қоғам назарын аударды. Әлеуметтік нысан құрылысына арналған жиында көптеген олқылықтың беті ашылды. Түркістан облысында осыдан екі жыл бұрын салынып, әлі пайдалануға берілмеген мектептер мен білім ошақтары бар екені белгілі болды. Мәселен, былтыр Жетісай қаласындағы №2 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің оқушылары жаңа ғимаратқа көшуі керек болған. Алайда жаңа оқу орны әлі бос тұр, есесіне балалар көрші ауылдағы



мектепке қатынайды. Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының қатысуымен өткен жиында аудандық білім бөлімі бұл жағдайдың себебін құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін олқылықтардың анықталғанын, оларды жоюға біраз уақыт кеткенін айтты. Көктемнің алғашқы күнінде балалар жаңа мектепте оқитын болады деп сендірді. Сонымен қатар Жетісай ауданындағы Құрбан ата ауылында орналасқан Н.Ондасынов атындағы және «әл-Фараби» жалпы орта білім беру мектебінде де осындай жағдай қалыптасқан.

Облыстық білім басқармасы мектеп жұмысының кешеуілдеуін «мектеп әкімшілігінің санитарлық-эпидемиологиялық сарапта-

ма қорытындысына өтінішті дер кезінде бермеуімен» түсіндірді. Көптен бері дайын тұрған, бірақ бос тұрған тағы бір мектеп Сайрам ауданында орналасқан. М.Сапарбаев атындағы №14 орта мектеп 400 оқушыға есептелген. 60 жылға жуық уақыт бұрын салынған ғимарат апатты жағдайда. Едендері шіріп, қабырғалары опырылып түскен. Жаңадан салынған қосымша оқу корпусының жертелесін жиі су басып, салдарынан электр қуаты істен шыққан. Осындай кемшіліктерді жоюға біраз уақыт кетіпті. Мердігерлердің жұмысты сапасыз атқаруы да осыған себеп болып отыр. Облыс әкімі Сайрам ауданындағы 2022 жылы салынған

мектептің әлі күнге дейін пайдалануға берілмегеніне ашуланып, аудан басшысына қатаң түрде ескерту жасады. «Мұны кім басқарады? Оларға шұғыл қоңырау шалыңыз! Біз мұнда үнемдеп, бюджетті көбейтуді сұрап жатырмыз, бірақ сіз ақша бөлінген мектептерді пайдалануға бермейсіз! Бұлай жалғаса беретін болса, көп ұзамай мектеп қауіпті болып, ол жерде ешкім оқи алмайды», — деді Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы. Шұғыл түрде жағдайды тексеруді тапсырды. Одан бөлек, Құрылыс басқармасының басшысы да өз жұмысына немқұрайды қарағаны үшін сын садағына ілінді.

Иә, өңірде апатты жағдайда тұрған тағы 4 мектеп бар. Осы мәселелердің түйіні тарқатылмай тұрғанда аталған жайттар қосымша проблема болып тұр. Айналып келгенде, бұл да жемқорлықтың салдары. Құрылысшылар «қу кетті, іс бітті» дегенімен артында таудай проблема қалған.

Қалай болғанда да Түркістан облысындағы білім саласы жактан соғып жатқан жел басылар емес...

P.S.

Айтқандай, Түркістан облысымен қойы қоралас жатқан Шымкент қаласының білім саласында да жақында шу шықты. Бірқатар мектеп мұғалімі, яғни педагогтер Білім басқармасы ғимаратына барып, басқарма басшысы Н.Шамшиеваны жерден алып, жерге салды. Бейнетаспасы әлеуметтік желіге тарап кеткен осынау жағдайда мәселеден гөрі балаларға білім беріп отырған педогог қыз-келіншектердің бейәдеп әрекеттері, өрескел сөздері көпшіліктің наразылығын туғызды. «Біз балаларымызды кімге сеніп тапсырып отырмыз?» деп налыды жұрт. Біз де бұл оқиғаға «бетті бастық, қатты састық». Әттеген-ай!

Айжұлдыз ТЫНЫШТЫҚ

ДОСБОЛЛИКЕ: ҚАУІПСІЗ ОҚУ ОРТАСЫ



Биылдан бастап еліміз бойынша 2 миллионға жуық оқушы «ДосболLike: достық қолын соз» акциясына қосылды. Акция барысында 10 000-нан астам іс-шара өткізілді, онда әрбір оқушы өзін, өзінің даралығын, ішкі әлеуетін, шығармашылық қабілетін көрсетті.

Акция қорытындысы бойынша республикада балалардың эмоциялық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «ДосболLike» антибуллингтік бағдарламасы басталады.

«Бұл бағдарлама биылғы наурыз айында пилоттық режимде басталады. Сәтті апро-

бациядан өткеннен кейін «ДосболLike» бағдарламасын бүкіл ел аумағында кеңейту жоспарлануда. Аталған бағдарлама — қауіпсіз оқу ортасын құру үшін маңызды кадам, онда әрбір бала өзінің қорғалғанын сезініп, өсіп-өркендей алады», — деп атап өтті Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Бағдарлама студенттердің жанжалдарға сындарлы жауап беру дағдыларын қалыптастыруға, балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға, тұлғаралық және топаралық қатынастарды оңтайландыруға, балалардың субъективті әл-ауқатының деңгейін арттыруға бағытталған.

Робототехниканың қыр-сырын жетік меңгерген алматылық оқушылар Хьюстон мен Лондонда өтетін халықаралық турнирге жолдама жеңіп алды.

ЖАС РОБОТОТЕХНИКТЕР ЖАРАП ТҮР

Астана қаласындағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында өткен додаға Қазақстанның әр өңірінен 3 мыңнан астам оқушы, әлемнің түрлі елінен 200-ден астам команда қатысты. Алматы қаласының намысын қорғаған оқушылар бірнеше жүлделі орынға ие болды.

Жарыс қорытындысы бойынша №124 мектептің «Team 124» командасы Winning Alliance 2nd pick және THINK AWARD 2st place номинациясын және Лондонда өтетін халықаралық UK first championship 2024 жарысына қатысуға жолдама алды. Ал №206 мектеп-гимназиясының оқушысы Оңғарбек Томирис АҚШ-тың Хьюстон қаласында өтетін 2024 FIRST Championship, Houston жарысына қатысуға сертификат жеңіп алды.

Сондай-ақ Алматы мектептерінің түлектері



еліміздің беделді жоғары оқу орындарының грант иегерлері атанды. Атап айтар болсақ, БИЛ лицейінің оқушысы Спандияр Тұяқбай және №39 мамандандырылған лицейінің оқушысы Маликов Мейіржан Сәтбаев университетінде тегін оқитын мүмкіндікке ие болды. Сонымен қатар М.Базарбаев атындағы №138 гимназия оқушысы Амангелді Шолпан, №81 мектеп-гимназия оқушысы Әлрахат Үмітхан, №140 М.Мака-

таев атындағы гимназия оқушысы Нұрила Бердалы мен Мөлдір Бекенқызы, №178 мамандандырылған лицейінің оқушысы Олжас Санатұлы АУЭС-ке грант ұтып алды.

Еуропалық оқу орындарына түсуге 100% жеңілдікпен қолдау көрсету гранты №200 мектеп-гимназиясының оқушысы Мира Демеуғалиева мен №178 мамандандырылған лицейінің оқушысы Алуа Төлөндіге берілді.

Таяуда Алматы қаласындағы балабақшалардың бірінде балалардың топ ішіндегі бір бүлдіршінді соккыға жығып жатқаны таспаланған видео әлеуметтік желіде лезде тарап, көпшіліктің танданысын тудырды. Зардап шеккен баланың ата-анасының сөзінше, ұрып-соғу шамамен 5 минутқа созылған. Соккының әсерінен бүлдіршіннің миы шайқалған. Кейін келеңсіз жайттың Алматы қаласындағы №51 бөбекжай-балабақшасында болғаны белгілі болды. Тәрбиеленушілерге түскі ас алып келу үшін шығып кетіп, бүлдіршіндердің іс-әрекетін қадағалай алмаған тәрбиеші балабақша әкімшілігінің бұйрығымен қатаң сөгіс алды. Онымен қоса, Алматы қалалық білім басқармасы балабақша меңгерушісіне де тәртіптік жаза қолданылғанын хабарлады. Тағы бір атап өтерлік маңызды жайт, осыдан бірнеше күн бұрын Алматы облысының Жамбыл ауданында 47 жастағы ер адамның төрт баланы байлап, ұрып-сокканы туралы ақпарат тараған еді. Үйге баса көктеп кірген ер адам қараусыз қалған балаларды азаптап, әбден қорқытқан. Оқиғадан психикалық шок алған балалардың бетінде жаракат іздері анықталған.

БЫЛТЫР ЕКІ ҚЫЛЫСТЫҚ ДЕРЕК ТІРКЕЛГЕН

Балабақшадағы оқиғадан кейін Алматы қалалық Полиция департаментіне байланысқа шығып, миллиондаған тұрғын қоныстанған қаладағы ахуал жайлы сұрап білдік. Полиция департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, қалада былтырғы жылға қарағанда балаларды ұрып-соғу деректері сиреген көрінеді. Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбектің айтуынша, балаларды ұрып-соғу — Алматы өңірінде көп кездесе бермейтін қылмыс түрі. Былтыр Алматы қаласы бойынша балаларға қатысты екі қылмыстық дерек тіркелсе, биыл бір оқиға болыпты. Алматы қаласы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Халида Әжіғұлова да оқиғадан шет қалмай, балабақшадағы жағдайға қатысты дереу пікірін білдірді. Ол ата-аналардың баласын мемлекеттік балабақшаға беруге қорықпауы қажет екенін, бірақ мемлекеттік балабақша балалардың қауіпсіздігін толыққанды қамтамасыз етуге міндетті екенін, сондай-ақ ата-ана басшыдан балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі үшін барлық қажетті жағдайды жасауды талап етуге құқылы екенін атап өтті.

— Видеодан бір баланың төбелесті бастағанын көруге болады. Содан кейін әр уақытта тағы үш бала қосылады. Олар еденде жатқан баланы кезек-кезек бірнеше минут тепкіледі. Өтініш білдірген ата-аналардың айтуынша, бұл топта 3–4 жас аралығындағы балалар бар. Оқиға бірнеше минутқа созылды. Бұл уақыт аралығында тәрбиеші балалардың арасында болған жоқ. Тәрбиеші балаларға мультфильм қосып берген. Бірақ ол мультфильмді тәрбиеленушілердің ешқайсысы көрген жоқ, — дейді баланың аяусыз әрекетіне танданысын жасырмаған Х.Әжіғұлова.

АТА-АНАЛАР ҚАЗІР БАЛАСЫН БҰЛ ТОПТА ҚАЛДЫРУҒА ҚОРҚАДЫ

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл оқиғаның өз міндетіне жауапсыз қарайтын еліміздегі әрбір балабақша басшысы мен тәрбиешісіне сабақ болуға тиіс



Елдар ҚАБА (қолғауы)

Жасыратыны жоқ, бүгінде бала құқығы мәселесі даудан арылмай, керісінше уақыт өткен сайын жаға ұстатарлық оқиғалар белең алып барады. Осыдан бірер күн бұрын балаларға жасалған қысымның кезекті көрінісіне куә болдық. «Кезекті» деп айтуымыздың өзі тегін емес. Себебі қазір елімізде балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының көрсеткіші артпаса, кемімей түр.

екенін айтады. Оның айтуынша, тәрбиеші мен балабақша директоры өз міндетіне немқұрайлық танытты, олар заң негізінде балабақшада тәртіптің бұзылуын бүлдіршіндердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті еді.

— Топтағы өзге балалардың ата-аналары маған директор мен тәрбиешінің неліктен жұмыс орындарын сақтап қалғанына, қызметтен шеттетілмегеніне наразылығын білдірді. Ата-аналар қазір баласын бұл топта қалдыруға қорқады, өйткені кішкентай бұзақы біздің де баламызды ұрып-соғуы мүмкін деп алаңдайды. Зардап шеккен балалардың ата-аналары қандай құқықтарға ие? Ең біріншіден, балабақша басшылығы мен сотқар баланың ата-анасы зардап шегушіні емдеудің барлық шығынын өтеуді, екіншіден, Білім басқармасынан осындай кәсіпке жағдайға куә болған топтағы әрбір балаға психологиялық көмек көрсетуді талап етуге құқылы. Өкінішке қарай, психологиялық соккы балалардың одан әрі дамуына әсер етуі мүмкін, — дейді Алматы қаласы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Х.Әжіғұлова.

Үшінші кезекте, ата-ана балабақша басшылығына барлық бөлмелерге камера орнатуды, төртіншіден, көмекке толмаған балалардың істері жөніндегі Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127-бабы бойынша ата-ана міндеттерін орындамағаны үшін бұзақы балалардың ата-аналарын әкімшілік жауапкершілікке тартуды талап етуге құқылы.

Осы күнге дейін балаларға жасалған қысымның сан түрін көріп келсек те қоғам әлі одан сабақ ала

қоймаған сынайлы. Бұл ретте заңға қатаң өзгеріс енгізу қажет пе? Балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғалары қашанға дейін жалғаса бермек? Осы мәселе төңірегінде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиеваға негізгі сауалдарымызды жолдадық. Динара Болатқызы сұрағымызға берген жауабында таяуда Президент тапсырмасы негізінде мемлекеттік органдармен, депутаттармен және ҰЕҰ-ның қатысуымен бірнеше ай бойы жұмыс істеген Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заң жобасы бірінші оқылымда қабылданғанын мәлімдеді.

— Заң жобасында кешенді тәсіл көзделгенін атап өту маңызды. Біріншіден, алдын алу шаралары, отбасын қолдау орталықтарын әр ауданда ашу, балаларды психологиялық қолдау орталықтарын ашу, қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру құзіретін бекіту, агрессормен психологиялық жұмыс (ҚК ерекше талаптар институтын енгізу аясында), зорлық-зомбы-

Заң жобасының жекелеген нормалары әлі де талқыланатынын айтқан Динара Закиева зорлық-зомбылық пен кәсіпкерлік ешқашан ақталмайтынын есте ұстаған абзал дейді.

— Менінше, бірауыздан келісілген қағида және қоғам үміті, петициялар, үндеулер, ең өкініштісі әр көрсеткіштің артында бала немесе оның анасының өмірі көрініс тапқан жантүршігерлік статистика — бұған дәлел болмақ. Балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа тосқауыл қоя алатын тиімді және жұмыс істейтін заң қабылдауымыз маңызды, — дейді Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Д.Болатқызы.

ҰЯДА НЕ КӨРСЕ, ҮШҚАНДА СОНЫ ІЛЕДІ...

Бала психологиясына қатысты біршама сауалымызға маман жауабын білу мақсатында психолог Гүлзат Қанатпен байланысқа шығып, пікірін сұраған едік. Өңгіме барысында өз тәжірибесінде қолданатын әдісін бөліскен психолог ата-аналардың

“

Статистикаға сүйенсек, былтыр еліміздегі балалардың 60 пайыздан астамы буллинг құрбанына айналса, 45 пайызға жуығы дискриминацияға ұшыраған. Онымен қоса, 2022 жылы балалардың өз-өзіне қол жұмсау дерегі бойынша 155 жағдай тіркелсе, былтыр еліміз суицид көрсеткішінде 178 мемлекеттің ішінде 19 орынға тұрақтағаны белгілі болды.

лыққа, буллингке тап болған балаларға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу құзіретін бекіту. Екіншіден, зорлық-зомбылықты қылмыстық жауапкершілікке жатқызу, балаларға қатысты қылмыстар үшін жазаны қатаңдату, денсаулыққа ауыр, орташа зиян келтіру үшін, көмекке толмаған адамды ұрлау және заңсыз бас бостандығынан айыру үшін, бала зорлау үшін бас бостандығынан тек өмір бойына ғана айыру, сондай-ақ «Балаға жыныстық сипатта тиісу» бабын енгізу, балаға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстарды тергеу әрекеттері кезінде қамауда ұстау, балаларға қызмет көрсететін ұйымдарды лицензиялауды енгізу (МӘМ, лагерьлер), баланы автобустан мәжбүрлеп түсіріп тастау үшін жауапкершілік енгізу, буллинг үшін жауапкершілік және тағы басқа шаралар қарастырылған, — дейді ол.

отбасында «әлеуетті құрбан» тәрбиелемеуге мән беру қажетін айтады.

— Кез келген ересек адам баланы ұратын болса, демек оның психикасында проблема бар деген сөз. Біріншіден, ересек адам бала кезінде әке-шешесінің тарапынан психологиялық, физикалық, эмоциялық немесе жыныстық қысым көрген болуы мүмкін. Сондықтан адам жастайынан нені көрді, өскенде сол әрекетті қайталайды. Қандай жағдай болса да баланы ұрып-соғу дұрыс емес. Мәселен, бала бір шешімге келіспеуі мүмкін делік. Ол өзінің дегенін «истерика», айқай арқылы жеткізіп отыр. Егер ата-ананың психикасы сау болса, алдымен баланың ішкі қалауын, неліктен бұл шешімге көнбей отырғанының себебін сұрауға тиіс. Бірақ кейбір ата-аналар баласы сөзіне көнбей қойған соң ұрып жатады. Содан кейін ата-анада өзін-өзі кінәлау сезімі

пайда болады. Баланы барынша еркелетіп, көңілін аулай бастайды. Осындай жағдайдан соң баланың психикасында «махаббат, рахат сезімін сезіну үшін азап шегіп, жылауым керек» деген түсінік пайда болады. Бұл баланың сол мезеттегі ойына ғана емес, алдағы өміріне де әсер етіп, нәтижесінде түсінік болып қалыптасып кетуі мүмкін. Кейіннен бала балабақшаға немесе мектепке барса да тирандарға жолыға беруі әбден мүмкін, — дейді маман.

АТА-АНАНЫҢ ӨЗІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУАТ ҚАЖЕТ

Психологтің сөзінше, психологиясы сау бала тәрбиелеу үшін ең алдымен ата-ананың өзіне эмоциялық, психологиялық сауат қажет. Егер ересек адам ұзақ жылдар бойы күйзелісте жүрсе, өмірінде стресстік жағдайлар жиі кездессе, қаржылай тұрғыда қиналып, үйінде күнде ұрыс-керіс болса, бұл бала тәрбиесіне белгілі бір деңгейде өз әсерін береді. Ата-аналар мұндай қателікке жол бермес үшін материалдық жағдайы мен моральдық жай-күйін, денсаулығын ескеру арқылы ғана баланы жоспарлау қажет дейді.

— Кез келген ата-ана баласының сыртта немесе ересек өмірде қандай да бір зорлық-зомбылық құрбанына айналып, буллингке ұшырағанын қаламаса үйде ұрып-соқпау қажет. Ата-ана — бала үшін өмірде қолдау көрсететін ең жақын адамдар. Ал ең жақын адамдары өзіне «атака» жасап отырса, бала өзгелерден не күтеді? Мысалы, баланы горшокқа отырғызар кезде аналардың өзіндік талабы болады. Алайда бала ол талаптарға көңісі келмейді. Бұл кезеңде ата-ана ең біріншіден баланың физиологиясы мен психологиялық күйіне мән беруі қажет. Үйде бес жастағы балаға үш жастағы баланы қарауға тапсырып кеттік делік. Бірақ ол дұрыс қарай алмайды ғой. Бес жасар бүлдіршін бала киіндіруді, жағдайды айтып түсіндіруді, көрсеткен эмоцияларына төтеп беруді білмейді. Себебі бес жастағы баланың өзінің психикасы әлі жетілген жоқ. Ересек адамның баладан айырмашылығы — өзгелерге қамқор болуға, ойын толыққанды түсіндіруге, жылап жатса жұбатпауға қабілетті. Ересек адамның психикасы сау болса, әрине. Егер психикалық жағдайы мұндай дәрежеге жетпесе, толыққанды есеймесе, әлі күнге дейін күйзелісті басынан өткеріп жүрсе, ересек адам баланың «истерикаларына» шыдай алмайды, — дейді психолог.

Бала құқығы — қай кезеңде болмасын маңызын жоймайтын өзекті тақырып. Сауатты қоғам мен сау ұрпақ қалыптастырудың артында бала мен ата-ананың өз құқықтарын қорғай білуі, сондай-ақ бұл бағытта мемлекеттің әлсіздік танытпау мәселесі жатыр. Статистикаға сүйенсек, былтыр еліміздегі балалардың 60 пайыздан астамы буллинг құрбанына айналса, 45 пайызға жуығы дискриминацияға ұшыраған. Онымен қоса, 2022 жылы балалардың өз-өзіне қол жұмсау дерегі бойынша 155 жағдай тіркелсе, былтыр еліміз суицид көрсеткішінде 178 мемлекеттің ішінде 19 орынға тұрақтағаны белгілі болды. Қалай десек те, бұл елімізде әлі күнге дейін бала құқығына қатысты түйіні тарқамаған мәселенің көптігін аңғартады...

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Бастапқыда бір-екі лабораториядан құралған «Радиобиологиялық ғылыми орталық», 2010 жылы «Радиобиологиялық зерттеулер институты» болып, 2023 жылы қазіргі атымен радиобиология, радиология, радиоэпидемиология бағытында ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізетін ғылыми институт болып қалыптасты. Институтта ондаған ғылыми грант бөлініп, жоғарғы білікті маман өсіп шықты. «Радиобиологтар мектебі» пайда болды.

Институттың ғылыми ізденістігі табысты жұмыстары университеттің ғылыми деңгейін көтерді, сонымен бірге былтыр ашылған екі ғылыми-зерттеу институттары, жаңа пайдалануға берілген Абай көшесіндегі көпқабатты оқу корпусы университеттің әлеуетін арттырып, оның «Зерттеу университетіне» айналуына мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Алғашқы ашылған «Радиобиология және радиациялық қорғау» ғылыми зерттеу институтының өзіндік тарихы, құрылуының алғышарттары болды. Біріншіден, еліміздің Солтүстік өңірінде тұрғындардың онкологиямен аурушандық көрсеткіштері республикалық деңгейден әлдеқайда жоғары еді. Оның бір себебі ретінде уран өнеркәсібінің техногендік-радиациялық зиянды әсері деген болжам айтылатын. Оны анықтауға дозиметриялық жұмыстар, ғылыми зерттеулер жүргізу керек. Кеңес дәуірінде уранға байланысты барлық ақпарат жабық, құпия түрінде болды. Онымен республикалық санитариялық —эпидемиологиялық мекемелердің қатысуынсыз, Москваның институттары тікелей айналысатын. Еліміз егемендік алғанда денсаулық сақтау саласында осы мәселелермен шұғылданатын мамандандырылған мекеме болмады. Екіншіден, Степногорск қаласында ең үлкен уран өндіретін комбинат жұмыс істеп тұрды, біздің мекадамияның Медициналық-биологиялық факультеті сол қалада еді.

Осы жағдайларды ескеріп, мекадамияның ғалымдарымен уран комбинатындағы радиациялық жағдай мен жұмысшылардың аурушандығын зерттеуді қолға алдық. Әуелі, ғылыми бағдарлама дайындап, оны радиобиолог, профессор С.Ярмоненконың кеңесімен кеңес дәуірінде осы мәселелермен ресми түрде айналысқан Ресейдегі «А.Бурназян атындағы Федералдық медициналық биофизика орталығына» рецензияға жібердік. Көп ұзамай ол институттың басшысы академик Л.Ильин қол қойған жауап хат, екі лаборатория басшыларының, ғалымдардың рецензиялары алынды.

Онда бағдарламадағы жобаланған зерттеу жұмыстарының алдыңғы жұмыстардың жалғасы екені айтылып, оның маңызы атап көрсетілген еді. Мақсатты-

Биылғы жылы Астана медицина университеті өзінің құрылғанына 60 жыл толатын мерейлі мерекесін атап өтпек. Осы жылдарда жоғарғы білім беру мен медицина ғылымына үлкен үлес қосып, еліміздің белгілі білім ордасына айналған университетте 2004 жылы ашылған «Радиобиология және радиациялық қорғау» ғылыми-зерттеу институтына да (бұдан әрі – Институт) биыл 20 жыл толып отыр.

Радиобиология ғылыми орталығының базасында «Радиобиология» мамандығы бойынша 2003 жылы құрылған республикадағы бірден-бір диссертациялық кеңес 2010 жылға дейін жұмыс істеді. Радиобиологтардың республикалық қоғамы құрылып, мен оның президенті болып сайландым. 2005 жылғы екінші конференцияда радиобиология, радиоэкология мәселелері, мекадамия ғалымдарының



Сол шахтада бригадада бірге жұмыс істеген 30 шақты адамдардың барлығы дерлік өкпе, онкология ауруларына шалдығып қайтыс болғанын, тек өзі ғана жүргенін баяндап, сіздер сол проблеманы зерттеп жатқандарыңызды жарнамадан біліп келдім, зерттеу жұмыстарыңызды жүргізіп, сол шахтерлердің ауруының себебін анықтап, шешулеріңізді сұраймын деп қадап айтқан әсерлі әңгімесін аяқтаған еді. Сол кездегі шахтерлердің жұмыс жағдайы, денсаулығына байланысты ақпаратты толық алудың мүмкіндігі болмады. Себебі Шаңтөбеде уран қоры таусыла бастаған шахта жабылуға тиіс еді. Қазір уран шахта арқылы емес, жерасты сілтісіздендіру әдісімен ғана өндіріледі, онда радиациялық жағдай басқаша, қауіпсіздік мәселелері толығынан қарастырылған.

Әрине, уранға байланысты проблема бірнеше жылда шешіле салмайды, жалпы радиа-

ОТАНДЫҚ радиобиологияның МЕРЕКЕСІ

“
Радиобиология
және радиациялық
қорғау
институтының
20 жылда жеткен
жетістіктері
ғалымдардың
үздіксіз еңбегінің
арқасы.

бағдарламалық жоба Денсаулық сақтау министрлігінде конкурстан өтіп 2003-2005 жылдарға қаржыландырылды.

Осы мақсатты-бағдарламалық ғылыми гранттың есебінен мекадамияға бірнеше түрлі радиометр, ғылыми экспедицияға керек «УАЗ» автомашинасы алынды.

2003 жылы қаңтар айында Астанада Қазақ мемлекеттік медицина академиясында «Уран өндіретін өңірлердегі медициналық-биологиялық және экологиялық проблемалар» атты халықаралық ғылыми конференция өтіп, оған еліміздің ғалымдарымен қатар Ресейдің бірнеше белгілі ғалымы қатысты. 2004 жылы қаңтар айында Радиобиология ғылыми орталығы ашылып, онда ғылыми жұмыстарды алғаш бастаған жас ғалымдар М.Бахтин, Б.Имашева, Ф.Бекенова, Қ.Махамбетов, М.Досмағанбетов, А.Қалибекова, Д.Әбдірәсілова, А.Жакенова, Н.Алтаева, А.Каушевтар, Алматыдан шақырылған белгілі радиобиолог ғалымдар, ғылым докторлары, профессорлар Б.Исмаилов, Р.Мұстафина, А.Сейсебаев, Р.Қарақұлов тағы басқа ғалымдар ғылыми зерттеулер жүргізді.



рының еңбектері талқыланып, оның жұмысына атакты радиобиолог, академик С.Балмұқанов қатысып, «еліміздегі радиобиология ғылымының дамуы Астанаға ауысты», — деп ізгі тілегін білдірген еді.

Радиобиология және радиациялық қорғау институтының 20 жылда жеткен жетістіктері ғалымдардың үздіксіз еңбегінің арқасы. Қазір «Радиобиологтар мектебінің» 6 ғылым докторы, профессорлары, 2 ғылым кандидаты, доценттері, 2 PhD докторы университетімізде, ондаған ғылым докторлары мен ғылым

кандидаттары Астана, Алматы, Семей, Курчатова, Қарағанды, Петропавл қалаларында қызмет атқаруда. Олар туралы және қазіргі институтта ғылыми жұмыстар істеп жатқан ғалым туралы айтар әңгіме көп.

Осы мезетте есімде қалған бір эпизодты айта кетсем деймін. 2003 жылы алғашқы ғылыми конференция өтетін кезде кабинетке сұранып 45-50-дегі жігіт келіп, Солтүстік Қазақстандағы Шаңтөбе уран руднигінде 20 жылдай мастер болып жұмыс істегенін, қазір басқа жұмыста екенін айтты.


циалық зерттеулермен әлі ұзақ уақыт шұғылдану керегі белгілі. Дегенмен халықтың денсаулығына техногендік зардаптарды болдырмауға байланысты проблемаларды шешуге қандай да болса атсалысып оған өз үлесімізді қоссақ, сол біздің парызымыз. Институт бұл күндері өз саласында кемелденген алдыңғы қатарлы ғылыми-зерттеу институттар қатарында болуды мақсат тұтады, ол үшін институт ғалымдары мен мамандары өздерінің күш-жігерін аямайды деген берік сенімдеміз.

Биылғы мерейлі жылы институтымыздың, университеттің ғылыми қызметкерлерін, оқытушылары мен студенттерін мерекелерімен құттықтап, дендерінің саулығын, еңбектерінің табысты болуына тілектестік білдіреміз.

Полат ҚАЗЫМБЕТ,
Астана медицина
университетінің жанындағы
«Радиобиология және
радиациялық қорғау»
ғылыми-зерттеу
институтының құрметті
директоры,
медицина ғылымдарының
докторы, профессор, Нью-Йорк
академиясының академигі



Соңғы онжылдықтың көлемінде әлем елдерінің тек академиялық әрі саяси ортасында ғана емес, жалпы қарапайым халықтың аузынан түспейтін тақырыптардың бірі Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы екені жасырын емес. Біреулер бұл бастамаға сескеніп қараса, бірі үлкен мүмкіндік екенін алға тартып жатады. Ал енді кейбіреулер қытайлық бастаманы әрқашан тереңнен ойлайтын Қытай билігінің өзгелерді өзінің саяси-экономикалық құрығына түсіру мақсатында жасап отырған айлакер саясаты деп ат тондарын ала қашып жатқандары да бар. Осы тектес әр түрлі пайымдар қазақ қоғамында да кеңінен кездеседі.



БЕЛДЕУІН БЕРІК ТАРТҚАН ҚЫТАЙДЫҢ БАСТАР ЖОЛЫ ТУРА МА?

(қазақ ғалымдарының «Белдеу және жол» бойынша зерттеу еңбегіне талдау)

Біріміз «іргеміз түйісіп жатқан әлемдік Екінші экономика болып табылатын алып мемлекетпен терең сауда-экономикалық қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықтың жемісін көрмесек, бұл үлкен тарихи кателік болады» десек, енді біріміз «қытайлық бастама аясында келер инвестиция мен несие — ел мойнына түсер қылбұрау» деп іргемізді алшақ ұстауға шақырамыз. Мұның бәрі ақпарат тапшылығынан немесе біржақты ақпараттардың басымдық алуынан туындап отырған екіұдай пайым екені анық.

Соның ішінде, әсіресе қазақ тіліндегі кешенді зерттеулерге сүйенген тұшымды жұмыстардың аздығы және жұртшылықтың ғылыми негізделген іргелі еңбектерден гөрі үстірт жазылған жеңіл-желпі ақпараттарға үйірсектігі әрқилы алып-қашпа әңгімелерге мұрындық болып отыр. Жакында осы олқылықтың орнын толтырарлық салмақты ғылыми еңбек жарыққа шықты. Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкерлері, қытайтанушы ғалымдар Айну Әбиденқызы мен Құрмет Қадылғазыұлының «Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы және Қазақстанның экономикалық мүддесі» атты монографиясы тек ғылым-білім саласында жүрген жандар үшін ғана емес, елдің ішкі-сыртқы саясатына қатысты жаңалықтарға құлақ түріп жүретін барша жұрт үшін құнды еңбек екенін баса айтуымыз керек.

Зерттеу жұмысы экономика, саясаттану, халықаралық экономикалық қатынастар мен қытайтану саласының мамандары мен ізденушілеріне арналғанымен, еңбектің қытайлық «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жайлы және оның елімізге әсері туралы тереңірек білгісі келетін барлық оқырманға қажет салмақты жұмыс екенін айта кету керек. Бұл зерттеу қытайлық «Бір белдеу, бір жол» бастамасының тек сауда-экономикалық ынтымақтастық пен өңірдің инфрақұрылымдық дамуына тигізер әсерлерін ғана зерделеп қоймай, қытайлық мегажобаның тарихи, саяси-экономикалық алғышарттары, ресми Бейжіңнің геостратегиялық пайымының табиғатына терең үңіледі.

Ен алдымен кітаптың тақырыбынан-ақ ғалымдардың қытайлық «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысты ұстанымдарын бірден байқауға болады. Қытай билігі «Бір белдеу, бір жолды» әрқашан «бастама» (一带一路) деп

атауды жөн көреді. Жоба, бағдарлама, жоспар не стратегия дегенге қарағанда бастама терминінің анағұрлым жұмсақ естілері анық. Ресми Бейжің «Бір белдеу, бір жолдың» тартымдылығын арттыру үшін және өзгелерді үркітіп алмау үшін «бастама» деп атайтыны сондықтан. Яғни, Бейжіңнің пайымынша, Қытай мемлекеті ұсынып отырған ізгі «бастаманы» өзге мемлекеттер өз еркімен, өз ынта-ниеттерімен қостаса, жалпы адамзаттың игілігі үшін жұмыс істемек. Себебі жұмыр жерде ғұмыр кешкен барша «адамзаттың тағдыры ортақ». Ал кітап авторлары қытайлық бастаманы «Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы деп нақты атайды. Авторлардың пайымынша, «Бір белдеу, бір жол» — теориялық тұрғыда тұжырымдалған, құқықтық-нормативті негізі бекітілген, жүзеге асыру тетіктері нақтыланған және қажетті қаражатты ұсынатын қаржы институттары қалыптасқан қытайлық стратегиялық жоба. Ғалымдар өз еңбектерінде осы пайымдарын кешенді зерттеулер мен талдаулар арқылы дәлелдеп береді.

«ҚХР-ның «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы және халықаралық геосаяси жағдай»; «ҚХР-ның «Бір белдеу, бір жол» стратегиясының алғашқы кезеңі: мүмкіндіктер мен проблемалар»; «ҚХР-ның «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы және Қазақстан: экономикалық мүдделер, мүмкіндіктер және сын-қатерлер» деп аталатын үш тараудан және «Қытай ғалымдарының «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы туралы пайымдаулары» атты қосымша бөлімі бар. 20 баспатабақтан тұратын зерттеуде қытайлық бастаманың тарихи, саяси-экономикалық алғышарттары мен жобаның мазмұны, мақсат-міндеттері жан-жақты ашып көрсетіледі. 2013 жылы Си Цзиньпин Астанада Назарбаев университетінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасын алғаш рет әлемге жария еткенімен, бұл жоба жана сайланған ҚХР төрағасының өзі төтесінен шығарған тың бағдарлама емес Дэн Сяопин реформасының заңды жалғасы деген пайым жасайды авторлар. Кітапта келтірілген статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, ҚХР-ның ЖІӨ 40 жылда 335%-ға еселенген. 1978 жылы Қытайдың ЖІӨ 367,9 млн юань болған болса, 2017 жылы елдің ЖІӨ 80 трлн юаньді құраған. Яғни, 1978 жылы Қытайдың әлемдік экономикадағы үлесі 1,8% құраса,

2017 жылы 15%-ға жеткен. Ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 18,5%-ға жетіп қана қоймай, Қытайдың әлемдік экономиканың өсуіне қосқан үлесі 30%-дан асып түскен. Сонымен қатар Қытай валюта қоры бойынша әлемде 2006 жылдан бері бірінші орында. 2022 жылы елдің валюта қоры 3,13 трлн АҚШ долларын құраған. Саяси-экономикада жиі айтылатын: «Бір мемлекет дамыған сайын, оның экономикалық құрылымындағы ауылшаруашылығы секілді дәстүрлі шаруашылықтардың үлесі азайып, өнеркәсіп саласының үлесі артады. Экономиканың ұдайы дамуы ғылым-техника мен жаңа технологияларды негіз ететін қызмет көрсету саласының жетілуіне әкеледі» дейтін қағидат Қытай мысалында нақты көрініс тапқанын байқаймыз. Кітапта көрсетілгендей, 1978 жылы Қытай экономикасындағы ауылшаруашылығының үлесі 80%-дан асқан болса, 2018 жылы ел экономикасындағы ауылшаруашылығының үлесі небәрі 7,9%-ды, ал өнеркәсіп пен қызмет көрсету салалары сәйкесінше 40,5% және 56,1% құраған. Осы көрсеткіштерге қарай отырып, Қытай үшін бұрынғы экономикалық саясаттың заманауи сын-тегеуріндерге жауап бере алмайтынын және қалыптасқан нарықтың аздық ететінін түсінеміз. Кітап авторлары нақты статистикаға жүгіне отырып, бізге «Бір белдеу, бір жол» бастамасының тарихи, саяси-экономикалық алғышарттарын тәптіштеп түсіндіріп береді.

Скөлемінде әлемдік геосаяси жағдайдың аумалы-төкпелі болып тұруы соның ішінде, әсіресе Азия-Тынық мұхит аймағындағы ойын ережелерінің өзгеріс бастауы да Қытайды сыртқы нарықпен байланыстыратын жаңа импорт-экспорт өткелдерін іздеуге немесе бұрынғы өткелдердің мүмкіндіктерін арттыру жолдарын қарастыруға итермелегенін байқаймыз. Айну Әбиденқызы мен Құрмет Қадылғазыұлы «Бір белдеу, бір жол» бастамасының бір тармағы болып табылатын «Жібек жолының экономикалық белдігі» Қытай үшін аса маңызды стратегиялық бағыт екенін айтады. Қытай тауарларының 90% теңіз арқылы тасымалданатын ескерсек, Қытай үшін Сингапур мен Малайзияны Индонезиядан бөліп тұрған Малакка бұғазының маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Азия-Тынық мұхиты аймағындағы геосаяси жағдай ушығар болса Қытайды батыс нарығымен байланыстар балама жолдың көп болуы өте өзекті. Сол себепті Си төрағаның «Бір белдеу, бір жол» стратегиясын жария етерде алдымен Астанаға ат басын бұрғанын авторлар осылай түсіндіреді.

Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасын бәріміз ауыздан тастамай сөз етіп жү-

ретімізбен жеме-жемге келгенде оның мазмұны мен мақсатының нақты не екенін айта алмай мүдіріп қалатынымыз жасырын емес. Бұған Қытайдың өзінің жаһандық стратегияларын «бастама» деп жұмсартып атайтыны да себеп болатын шығар. Ақпарат құралдарында өзге мемлекеттердің инфрақұрылымдарды дамыту, ұлттық индустриалды-инновациялық жобаларының қытайлық «бастамамен» үйлесіп жатқаны жайлы жиі жазылады. Ілгеріректе қазақстандық ақпарат көздерінде де «Белдеу және жол бастамасы мен Нұрлы жолдың тоғысуы» деген сынды сөз иірімдері жиі кездесетін. Сондықтан да қытайлық бастама былайғы жұртқа өзге елдердің қолдап-қолдауынсыз жүзеге аспас, «ұрандай салған ынтымақтастыққа шақыру» сияқты көрініп жатады. Алайда кітап авторлары «Бір белдеу, бір жолдың» мақсат-міндеттері айқындалған нақты стратегия екенін әр қырынан айғақтайды.

Авторлардың көрсетуі бойынша, «Бір белдеу, бір жол» стратегиясының мазмұн-мақсаты «Бес тұтастыру» қағидаттарына негізделген. Нақтырақ айтқанда: саяси үйлестіру, инфрақұрылымдары дамытуды жалғастыру, тосқауылсыз сауда, қаржыны айналымға қосу және халықтарды жақындастыру.

Кез келген стратегиялық жобаның жүзеге асуында маңызды жайт қаржы мәселесі екені аян. Қытайтанушы ғалымдар А.Әбиденқызы мен К.Қадылғазыұлы бұл мәселенің шешімін де Қытай «қаржыны айналымға қосу» қағидаты негізінде таба білгенін жазады. Яғни, 2014 жылдың 24 қазанында Қытайдың бастамасымен 21 мемлекет Бейжіңде «Азия инфрақұрылымдарды инвестициялау банкі» құру туралы шартқа қол қойған еді. Жарғылық капиталы 100 млрд АҚШ долларын құрайтын банкідегі Қытайдың үлесі 30,34%. Ал 2014 жылы 29 желтоқсанда құрылған активі 40 млрд АҚШ доллары болатын «Жібек жолы қорын» қаржыландыруды Бейжің толығымен өз міндетіне алған. Яғни, Қытай әлемдегі ең ірі валюта қорын «Бір белдеу, бір жол» аясында кедергісіз жаһандық нарыққа шығарып, ел пайдасы үшін жұмыс істетуге бағытталған ұтымды стратегия ретінде пайдаланып отыр.

Авторлар Айну Әбиденқызы мен Құрмет Қадылғазыұлы жүргізген кешенді зерттеулерін түйіндей келе, «Бір белдеу, бір жол» бастамасына «идеологиялық тұрғыдан бастап, инфрақұрылым, қаржылық құрал, рухани-психологиялық аспектілерге дейін жете ойластырылып, пысықталған ірі стратегиялық жоба» деп баға береді.

Кітаптың үшінші тарауында ғалымдар қытайлық стратегияның Қазақстан үшін мүмкіндіктері мен сын-қатерлеріне жан-жақты тоқталған. Соңғы онжылдықтың көлеміндегі сауда-экономикалық әрі саяси саладағы қазақ-қытай қарым-қатынастарына терең зерттеу жасап, «Белдеу және жол» стратегиясы шеңберіндегі ынтымақтастыққа сандық әрі сапалық талдау жасайды. Қытайлық жобаның еліміз үшін берері мен ықтимал сын-тегеуріндері жайлы тереңірек білгісі келген жаңа аталмыш монография таптырмас құнды еңбек.

Монографияның тағы бір баса айта кететін тұсы кітап соңында «қосымша» ретінде берілген белгілі Қытай ғалымдарының «Бір белдеу, бір жол» стратегиясына қатысты зерттеу макалаларының қазақша аудармасы. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясына қатысты қазақстандық еңбектерде зерттеушілер негізінен отандық, ресейлік және батыстық зерттеулерге көбірек жүгініп жататыны жасырын емес. Оған біріншіден, олардың көбісінің қытай тілін білмеуінен болса, екінші кезекте қытайлық академиялық жазбалардың қол жетімділік деңгейінің төмендігі себеп. Қытай тілін меңгерген зерттеушілердің өзіне қытайлық академиялық базалардан зерттеулерді алып оқу мүмкіндіктері болмай жатады. Қытайдың ақпарат кеңістігінің анағұрлым қорғалғаны бәрімізге мәлім. Осы тұрғыдан қарағанда, Айну Әбиденқызы мен Құрмет Қадылғазыұлының өз зерттеулерінің соңында беделді қытайлық ғалымдарының салмақты зерттеулерін түпнұсқасынан қазақшаға аударып, кітапқа енгізуі отандық қытайтану саласы үшін елеулі үлес екенін атап айтуымыз керек.

Далелхан АЙБОЛАТ,

PhD докторы,

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ
қауымдастырылған профессоры

Түрік халқының махаббат символына айналған «Тутамас» әнін естімеген, не болмаса 2000 жылдары көрерменге жол тартқан «Ва-Банк» телехикаясын көрмеген адам кемде-кем шығар. Бұл әндер өз дәуірінің шедеврі болған. Қазір осындай әлемдік әндер қазақша шырқалып та жүр. Ағылшын, француз, тіпті корей тіліндегі әндерді қазақшаға аудару үшін сауатты аудармашы, шумақтарды ұйқастыра білу қабілеті мен әсем дауыс керек. Осы қасиеттердің бәрін бір бойына жинап, өнер әлеміне жаңа леппен кіріп келген Мөлдір Байбуринованың тыңдарманы күн сайын артып келеді.



Әлемнің әндерін қазақша шырқаған

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ән мен әуенге тіл де, сөз де, шекара да бөгет емес. Қай елдің әуенін тыңдасаңыз, сол елдің мәдениеті, өнерге деген көзқарасы айқын көрінеді. Қазіргі аға буын өкілдерінің жас кезін есіне түсіретін небір әндер бүгін қазақша шырқалып, мазмұны тыңдарман назарына жол тартып жүр. Бірқатар әнші өзге елдің әнін аударып, қазақ тілінде айтып та жүр. Дегенмен әр тілдегі әнді қазақшаға аударып айтуды хобби-ге айналдырған Мөлдір талай жұртты өз өнерімен тәнті етіп, тандайын қақтырып үлгерді. Әлеуметтік желіге жүктеген әр әнінің астына «Бұл әннің мағынасын енді біліп отырмын. Жастық шағым есіме түскендей болды» деген пікірлерден көз сүрінеді. Сонымен қатар парақшада әннің қазақша нұсқасын ғана жүктеп қоймай, сол әннің шығу тарихынан да дерек береді.

«Өзім Журналистика факультетін тәмамдадым» деп бастады әңгімесін Мөлдір. Кішкентайынан шет тілінде шырқалатын әндердің мағынасын білуге қызыққанын, соларды қазақшаға аударғысы келгенін айтты.

— Әдебиетке жақынмын, қызығушылықпен журналистика мамандығын таңдадым. Бұрыннан өлең жазамын. Мектеп қабырғасында жүрген кезде акындық клубтарға қатысқаным бар. Ал



Ән мен әуенге тіл де, сөз де, шекара да бөгет емес. Қай елдің әуенін тыңдасаңыз, сол елдің мәдениеті, өнерге деген көзқарасы айқын көрінеді. Қазіргі аға буын өкілдерінің жас кезін есіне түсіретін небір әндер бүгін қазақша шырқалып, мазмұны тыңдарман назарына жол тартып жүр.



қазір түрлі монолог жазып, аудармалармен айналысамын. Қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерін еркін білсем де, кейде әнге аударма жасайтын кезде өзімнің аудармаларыма көңілім толмағанда кәсіби мамандардың көмегіне жүгініп, ақыл-кеңес сұрайтыным рас. Қазақшаға аударылған әндерімнің ішінде корей, жапон тіліндегі әндер бар. Олардың ағылшын не орыс тіліндегі мағыналарын түсініп, тіл маманына аудартқан соң шумақ қатарын өзім ұйқастырамын. Өзім аударам беремін, — дейді желі жұлдызы.

Айтқан әнінің барлығы тыңдарманның оң көзқарасына ие болғанына қарағанда, аударылған

әнді тыңдарманның өзі ұсынған деген ой келеді. Бірақ барлық әнді Мөлдірдің өзі тандап, ешқандай талаптарсыз-ақ қазақша нұсқаға айналдырады. Мысалы, «Бес жұлдызды қонақүй керек емес» деп басталатын әні қазіргі жастар арасында кең таралды. Осы сияқты әлемдік трендтегі әндерді қазақша сөйлеткен Мөлдір бұл идеяның жүзеге асуына досы себепкер болғанын айтты.

Сонымен қатар ол шетел өнерінің, ән жанрындағы мәдениетімен бүгінгі қазақ жастарының ойлау қабілетін арттырып, бойына шетелдік әндерді тек қазақы әуенмен сіңіруді мақсат еткен. Мазмұнын естімей айтқан әнге қарағанда әуені сақталған қазақша нұсқасын тыңдағаны әлдеқайда артық деп аз уақыттың ішінде бірнеше шетел әндеріне аударма жасаған. Мұндай әндер жайлы тізім жасап, қозғай берсек, түбіне жетпейміз. Қазақтың есті әуендеріне әуес адамдар өзге елдің өнерімен де сусындап өсуі — заңдылық. Ал автордың рұқсатынсыз айтылатын әндер «ұрлық» саналатыны тағы бар. Бірақ «Шетелдің шедеврлерін қазақшаға аударып айту әннің негізгі орындаушыларына аса қызығушылық тудырып, плагиат үшін күресуіне алып келмейтін сияқты. Бұл әлемдік әндер болғандықтан, жаңа нұсқаларын шығару, керісінше әннің тыңдармандарын арттырады» дейді.

Ән қоржынында оннан аса аударма әні бар Мөлдір алдағы уақытта өз репертуарында да жаңа туындылардың болатыны жөнінде жоспарымен бөлісті. Бойындағы қасиеті мен білімін жұрттың пайдасы үшін жұмсайтын қазақ жастарының қай салада да көрініп жатқаны әлем жастарымен мәдени бәсекеге төтеп бере алатынын білдірсе керек.

ЖАС АҚЫНДАРДЫҢ ЖЫР ДОДАСЫ

Алматыда «Менің пірім – Сүйінбай» дәстүрлі VIII халықаралық жас ақындар айтысы өтті. Жыр додасына еліміздегі ЖОО-лардан жас жүйріктер және Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстаннан келген жалпы саны 40-қа жуық ақын қатысты.

Биыл қазақтың «Үш бәйтерегі» Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына арналған аламан айтыстың бас жүлдесін (500 мың теңге) Әлкей Марғұлан атындағы педагогикалық университеттің студенті Қайдаров Бексұлтан алды. I орын Моңғолия елінің жас жүйрігі Адилхан Іңкәрбекке (400 мың теңге), II орын (300 мың теңге) Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Мұхтар Қонарбай мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Дильназ Ержігітке бұйырды. III орынды (200 мың теңге) Қырғызстанның жас ақыны Ырыскелді Қалыбекулы, Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Нұрдәулет Өмірбеков және Каспий өңірі Болашақ колледжінің студенті Жанболат Алиев қанжығасына байлады.



Одан бөлек, Темірхан Тебегенов, Оразалы Досбосынов, Есенқұл Жақыпбек, Ерік Асқаров, Әселхан Қалыбекова, Жарқынбек Наушабеков, Қонысбай Әбілов, Әзімбек Жанқұлиев, Зейнолла Сәнік атындағы арнайы жүлделер мен «Дара дарын» жобасының сыйлығы табысталды.

ҚАЗАҚТЫҢ ПАГАНИНИИ

Германияда Guadanini Foundation II Штутгарт халықаралық скрипкашылар байқауы өтті. Музыкалық беделді бәйгеде Қазақстан атынан скрипкашы Руслан Талас өнер көрсетіп, жүлделі екінші орынға ие болды.

25 жастағы отандасымыз бірнеше ірі халықаралық музыкалық байқаудың лауреаты және дипломанты атанған. 2022 жылы ол WorldVision-да жеңіске жетті. Руслан Латын Америкасы мен АҚШ елдерінде танымал. Еуропада ол «қазақтың Паганиниі» деген лақап атқа ие. Өнер иесі Астанадағы ұлттық музыка академиясына 7 жасында қабылданған. Академиядағы оқуын бітірген соң Мәскеудегі Орталық музыка мектебінде білімін жалғастырды, ал 2021 жылдан бастап Лозан музыка академиясының (Швейцария) магистранты, аты аңызға айналған скрипкашы Джанин Янсен сыныбында оқиды.

II Штутгарт байқауында Оңтүстік Корея скрипкашысы Анна Им I орын, америкалық Мэтью Хаккарайнен III орын алды

«AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының ұжымы белгілі саяси қайраткер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері

Асқар БАЙЖҰМАНОВТЫҢ қазасына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4419
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,